

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Мадан Гауһар Жанатайқызы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫН
ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

«7М041- Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«Мемлекеттік саясат»
білім беру бағдарламасы

Мемлекеттік саясат магистрі
дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ п.ғ.к. Н.Т. Төленбергенова

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2021 жыл

Басқару институтының директоры: _____ э.ғ.к. Р.А. Турчкенова

Нұр-Сұлтан, 2021

МАЗМҰНЫ

Нормативтік сілтемелер	3
Белгілер мен қысқартулар	4
Кіріспе	5
Әдебиеттерге шолу	9
Зерттеу талдауы және нәтижелері	16
1 ҚР мемлекеттік тіл оқыту орталықтарының ағымдағы жағдайын талдау	16
2 Республикадағы тіл оқыту орталықтары қызметі проблемаларының талдамасы	21
3 Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру жолдары	40
Қорытынды	43
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	45
Қосымша 1	47
Аналитикалық жазба	51

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік актілерге сілтемелер пайдаланылды:

1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы

Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың 2020 жылғы 28 мамырдағы тұжырымдамасы

Белгілер мен қысқартулар

ҚР	- Қазақстан Республикасы
БҒМ	- Білім және ғылым министрлігі
НҚА	- Нормативті құқықтық актілер
МБА	- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
ЖОО	- Жоғары оқу орны
ОҚО	- Оңтүстік Қазақстан облысы
СҚО	- Солтүстік Қазақстан облысы
ШҚО	- Шығыс Қазақстан облысы
CEFR	- Common European Framework of Reference
КММ	- Коммуналды мемлекеттік мекемесі

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында мемлекеттік тіл саясатына, оның ішінде, ересек адамдардың, салалық мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін қоғам талабына сай қолдануға қатысты өзекті мәселелерді мемлекетті басқару деңгейінде көтеріп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылы 27 мамырда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында мемлекеттік тілді оқытудың тиімділігін барынша арттыру, Тілді оқыту орталықтарының қызметін жетілдіру қажеттілігін атап айтты [1].

Қазақстан Республикасының білім беру органдарында қазақ тілі бала бақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін оқытылады, ол нормативтік құқықтық құжаттармен қамтамасыз етілген (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада тіркелген. 05.05.2020 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді), «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламалары) [2].

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын жаңғырту бойынша зерттеу ұсынымдарын әзірлеу үшін жобалық зерттеудің негізгі объектілері ретінде ересек аудиторияны соның ішінде, мемлекеттік қызметшілердің тілдік деңгейін анықтайтын, жоғары оқу орнынан кейін тілдік біліктіліктерін арттыратын оқу орындары, атап айтқанда, МБА, Тіл орталықтары қызметі зерделенді.

Сонымен қатар, жобалық зерттеуде Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған бағдарламасы жан-жақты қарастырылды [3]. Сондай-ақ Мемлекет тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ересек аудиторияның тілді қолдануын жетілдіруге бағытталған шаралары сұрыпталып, оларға стратегиялық тұрғыдан талдау жұмыстары жүргізілді [4].

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген шаралар бойынша мемлекеттік тілді бастауыш сыныптардағы оқушылардың А1 деңгейінде, орта буындағы оқушылардың А2 деңгейінде, мектептің жоғары сынып, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының В1 деңгейінде, жоғары оқу орны студенттерінің В2 деңгейінде, жоғары оқу орнынан кейін білім алатындардың С1 деңгейінде игеруін қамтамасыз ету көзделген болатын.

Деңгейлік талаптардың ағымдағы жағдайға сай келмейтіні айтпай-ақ белгілі. Мәселен, 2020 жылы МБА-ның магистратура, докторантура бағдарламаларына тапсырған 285 мемлекеттік қызметшінің Қазақ Ресми Тест қорытындылары бойынша орта есеппен Қарапайым (А1) – (12%), Базалық (А2) – (30%), Орта (В1) – (35%), Ортадан жоғары (В2) – (22%), Жоғары (С1) – (1%) .

Бұл мемлекеттік қызметшілердің тілді әр алуан деңгейде меңгергендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында бірнеше өңірлік тіл оқыту орталығы жұмыс істейді. МБА, Тіл орталықтары көбінесе тіл саясатын жүргізуге септігін тигізіп, Мемлекеттік бағдарлама бағыттары бойынша оқу процесін ұйымдастырады. Жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасында ересек аудиторияның қазақ тілін қолдану құзыреттілігін жетілдіретін жүйе қалыптасқан, алайда оқыту, ересек адамдардың көпшілік алдында сөз сөйлеу бағыты бойынша нәтижелердің қоғам талабына сәйкес келмейтіндігі жобамен жұмыс барысында анықталды.

Жобада Қазақстан Республикасында тіл саясатын жаңғыртатын мемлекеттік органның (Тіл саясаты комитеті), МБА, Тіл орталықтары қызметінің ағымдағы жағдайы мен қордаланған мәселелері анықталады, зерттеу барысындағы шешу жолдары көрсетіліп, ұсыныстар беріледі.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Мемлекеттік тіл саясатының мақсатын, бағытын, міндеттері мен кезеңдерін анықтауға арналған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын реттеу мен қалыптастырудағы заңнамалық-құқықтық, нормативтік-құқықтық актілерінен – Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңы (11 шілде, 1997 ж.) қарастырылды [5]. Сонымен қатар ҚР Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары қарастырылды. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасы» қарастырылды [6]. Сондай-ақ тілдік деңгейді анықтайтын «Қазтест», Qazaq Resmı Test жүйелері, ересек аудиторияны оқытуға арналған Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, Ф.Оразбаева, Ш.Құрманбайұлы, З.Күзекова, Н.Төленбергенова, Қ.Айтмұхаметова, К.Өмірбаева сынды әдіскер-ғалымдардың еңбектері зерттеу тақырыбында қарастырылды.

Зерттеу нысаны – Ересек аудиторияның тілдік құзыреттіліктері.

Зерттеу пәні – жоғары оқу орнынан кейін тілдік деңгейді арттыру мәселелері

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері:

- Жоғары оқу орнынан кейін ересектерге салалық тілдік білім беруді зерттеу, негізгі проблемаларды анықтау, тиімділіктері бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының проблемаларын анықтау;
- Жалпы тіл оқыту орталықтарының халықаралық тәжірибесін зерделеу;
- Республикадағы тіл үйрету орталықтары қызметінің ағымдағы жағдайына талдау жүргізу;
- Мемлекеттік тілдерді оқыту орталықтарының жұмысы бойынша сауалнама жүргізіп, нәтижесін талдау;

- Мемлекеттік тілдерді оқыту орталықтарының жұмысын одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар беру.

Зерттеу жұмысының әдістері. Салыстырмалы және статистикалық әдістер, сараптамалық зерттеулер, сауалнама жүргізу.

Эмпирикалық зерттеулер жүргізу үшін еліміздің тұрғындарының мемлекеттік, ұлттық және шет тілдерін үйрену үшін тілдік сәйкестігі, тілдік мінез-құлқы, тілдік құзіреттілігі және тілдік бағыттары туралы сенімді ақпарат алуға бағытталған сұрақтардан тұратын арнайы әзірленген сауалнамалар пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының гипотезасы: Зерттеу нәтижелері мемлекеттік органдарда тіл саясатын жаңғыртуға, ересек аудиторияның мемлекеттік тілді еркін қолдану дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы: Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан тіл саясатының маңызды компоненті тіл оқыту орталықтарының жұмысын жаңаша-инновациялық, қоғам талабына сай жаңғыртуға бағытталған ұсынымдар болып табылады.

Мемлекеттік тіл оқыту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Тіл орталықтарына басшылық жасауды мемлекеттік аттестациядан өткен, беделді білім беру мекемелеріне беру қажет. Мысалы: оқушылардың тілдік деңгейін көтеретін орталықтар Назарбаев зияткерлік мектептеріне, ЖОО облыс орталықтарындағы сертификатталған университеттерге берілуі тиіс сияқты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ауызша, жазбаша тілдік құзыреттіліктері МБА-да жетілдіреді. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметтеріне қажетті ресми-іскерлік стильдің жазылымы мен сөйлеуін игертетін курс, семинарлар өте көп. Осы тәжірибені барлық Тіл орталықтарына қолдану қажет.

- Біріншіден, бұл оқытушылардың мәртебесін көтеруге бағыттайды. Яғни, тіл оқыту орталықтары оқытушыларының мәртебесі білім беру мекемесі оқытушыларының мәртебесімен теңестіріледі. Мұндай қадам Тіл орталықтардағы ұжымның тұрақтануына мүмкіндік береді. Сонда озық технология арқылы білім алып жатқан жас мамандардың да тіл орталықтарда жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады.

- Екінші, білім беру мекемесінің бюджеті Тіл орталықтарына қарағанда ондаған есе жоғары. Бұл Орталықтардың материалдық-техникалық базасын жасақтауға негіз болады. Бірде бір облыстық немесе қалалық мемлекеттік орталықтардың өзінің жеке ғимараты жоқ. Бүгінде елімізде білім беру жүйесі індет салдарынан қашықтықтан оқыту жүйесіне жаппай көшірілді. Қашықтықтан оқыту жүйесінің сапалы болуы интернет желілеріне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде, кейбір өңірлік Тіл орталықтарына қарасты аудандық орталықтарда интернет-байланыстары мен оларға деген қолжетімділік жағы шектеулі болып жатады. Интернет желісінің болмауы бұл бір жағынан білім сапасының көрсеткішісін төмендетсе, екіншіден аудандық, өңірлік Тіл орталықтарының құрылымы, олардың атқаратын жұмыстары туралы

ақпараттардың жинақталған қоры, яғни веб-сайттары жоқ. Бұл жергілікті тұрғындардың тілді оқып-үйренуге, меңгеруіне кері әсерін тигізеді.

- Үшінші, Тіл оқыту орталықтарының әдіскерлері мен білім беру мекеме әдіскерлерінің үнемі байланыста болуына мүмкіндік береді. Бүгінде қазақ тілінің оқыту әдістемесінің жетілдірілмеуі осындай әдіскерлердің бірізді технологияны қолданбауынан. Яғни әдіскерлер арасында ешқандай тәжірибе алмасу жүргізілмейді. Білім беру мекеме әдіскерлері өз бағдарламаларымен, Тіл орталықтарының әдіскерлері 2011 жылдан Казтест жүйесі әзірлеген оқыту кешендерімен оқытады. Жалпы бүлдіршіндерге, оқушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, мемлекеттік қызметшілерге, қызмет көрсету саласына, шетелдік азаматтарға, ересек адамдарға олардың қазақ тілін білу деңгейіне орай тіл үйретудің белгілі бірізді бағдарламалар кешені болуы тиіс. Ол тікелей тіл үйрету әдістемесімен де, жас ерекшелігімен де байланысты. Бүгінгі күнге дейін қазақ тілін оқытудың стилистикалық ерекшеліктеріне, кәсіби оқыту жүйесіне көңіл бөлінбейді. Мемлекеттік тілді үйренудің осындай ортақ жүйесі болмауына байланысты кейбір оқулық материалдары мектепте де, ЖОО-да да, мемлекеттік қызметте де қайталанатын. Егер тіл оқыту әдіскерлері мен білім беру мекемелерінің әдіскерлері қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша бірізді стилистикалық ерекшеліктері айқындалған бағдарламаларды қолданса, сонда ғана ересек адамдар тілдік құзыреттіліктерін қажеттілігіне қарай дамыта алады. Сондықтан Тіл оқыту орталықтарының тілді оқыту әдістемесін Мемлекеттік бағдарламаның индикаторлары арқылы есептемей, білім беру мекемелердің қызметімен бірге көрсету қажет.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық мәні. Зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелердің қорытындысын республикамыздың мемлекеттік органдарының, ұлттық тілімізбен мәдениетімізді одан әрі дамытуға бағытталған тиісті бағдарламаларды әзірлеу кезіндегі республиканың ғылыми және білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдарының қызметі үшін практикалық маңызы бар.

Жоба бойынша жарияланым. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының проблемалары мен перспективалары» Мадан Г. Ж, Сайдуалиева З. С. «Kazakhstan Innovations» ғылыми журналы, ақпан 2021 ж №2, 34 б.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспе, әдебиеттерге шолу, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетіледі.

Әдебиеттерге шолу

Бүгін елімізде қазақ тілін оқыту білім беру мекемелерімен қатар Тіл оқыту орталықтарында да жүргізіледі. Тіл оқыту орталықтары облыс, республикалық маңызы бар қалаларда Тілдерді дамыту басқарамасы жанынан құрылған. Олардың мақсаты – тіл үйрету сабақтары арқылы қоғамдағы тілдік әр алуандықты жою, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, тіл оқыту орталықтары аталған мақсаттан бөлек Мемлекеттік бағдарлама аясында жүргізілетін ісшараларды ұйымдастырып, сондай-ақ, өзге де этнос өкілдерінің қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруіне, яғни үш тұғырлы тіл саясатын жүзеге асыруға атсалысуда. Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілге басымдық беру, орыс тілі мен ағылшын тілін қажеттілігіне қарай қолдану саясаты жүргізілуде.

Дамыған мемлекеттер өз тілін, әдебиетін, мәдениетін жер бетіндегі мүмкіндігінше көбірек адамдарға үйрету, насихаттау, таныстыру және сол арқылы тілдің әлеуетін арттырып, әлемдік деңгейге көтеруде. Сөзімізге дәлел ретінде, халықаралық деңгейдегі тіл оқыту орталықтарының жұмыстарын зерделедік, олардағы тиімді жүйелерді зерттедік. Көбінесе озық мемлекеттерде мемлекеттік тілдері күн көріс тіліне айналдырылған. Эмигранттарға, белгілі бір мерзімге барған мамандарға қолданыс тілі ретінде оқытуға мәжбүрлейді. Мәселен, А.Фазылжанова өз еңбегінде келесіні атап кетеді, 1951 жылы Германияның Мюнхен қаласында Гете институты құрылды. Аталған институт (неміс мәдени орталығы Гете, нем. Goethe-Institut) - неміс үкіметтік емес ұйымы, оның міндеті неміс тілін шет елдерде насихаттау және халықаралық мәдени ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады.

Ең маңызды міндеті – неміс тілін шет тілі ретінде оқыту. Аталған институт орталығы әлемнің 80-ге жуық елдерінде орналасқан. Бұл орталықтың атқаратын қызметтері ауқымды. Мәселен, соның бірі - еліне келіп, бірлескен кәсіпорын, фирма болмаса қандай да шағын бизнесті дамытушыларға неміс тілін орта деңгейде меңгеруді талап етеді. Тіпті тілді меңгеру деңгейін анықтау үшін сертификат алу қажеттілігін алға тартады. Егер кәсіпкердің Гете орталығының сертификаты болмаса, ол бірде-бір бірлескен кәсіпорын немесе фирма аша алмайды, яғни өз кәсібін еркін жүргізе алмайды. Бұдан көріп отырғанымыздай, кәсіпкер өзінің кәсібін ашпай-ақ, сол елмен байланыс орнатқысы келсе де, ол неміс тілін білуге міндетті. Өйткені Германияның ресми тілі – неміс тілі. Осыған ұқсас тағы бір мысал келтірейік. Мәселен, Эстонияда еңбек нарығында эстон тілін білу, жұмыс орнын табу, өз ісін кеңейту үшін басты себеп, эстон тілін білген тұлғаға лауазымын жақсартуға, жоғары жалақы алуға көп мүмкіндік беріледі. Тіпті, мынау Азия мен Еуропа құрлықтарын жалғастырушы Түркия Республикасында да әрбір азаматтың түрік тілін білуі міндеттелген. Мұнда да түрік тілі өзге этнос өкілдеріне екінші шет тілі ретінде оқытылады. Елдің өз азаматтарына ана тілінде сөйлеу заңдық негізде міндеттелген. Өзге ұлт өкілдерінің орыс тілін меңгеруіне қатысты Ресей Федерациясының тәжірибесі ерекше. Мұнда 2015 жылдан бастап заңнамада

белгіленген нормативтер бойынша елде тұруға рұқсат алу үшін орыс тілі мен мәдениетінен (850 сөзден тұратын лексикалық минимум, Ресей Федерациясының тарихы, заңнамасы мен әкімшілік құрылысы, т.б.) білімі жөніндегі сертификат талап етіледі. Сертификат алу үшін еңбек мигранттарын оқыту орталықтары құрылды. Орыс тілін білетін мамандарға азаматтық алу жолдары жеңілдетілді, керісінше, орыс тілін білмегендерге елде еңбек ету талаптары қиындатылды [7,28]. Халықаралық тілдерді оқыту орталықтарының тәжірибелеріне қарасақ, оларда әрбір азаматтың сол мемлекеттің негізгі ресми тілін білуге деген талаптың күштірек екенін көруге болады. Тіпті осындай әлемдік аренада өз орнын тапқан испан тілін үйрететін Сервантес институты, түрік тілін үйрететін Юнус Эмре институты, ағылшын тілі мен мәдениетін танытатын Британдық кеңесі, орыс тілі мен әдебиеті, Ресей мемлекетінің тарихы сақталған Русский Мир қоры секілді ұйымдардың әлем бойынша өкілдіктері ашылып, жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Әлемнің түк-түкпірінен ашылған мұндай ғылыми орталықтар кез келген тілдің сұранысын арттырмаса, кемітпейді.

Бүгінде дүние жүзінің барлығына белгілі ағылшындардың «CEFR» деп аталатын жүйесі бар. «CEFR» сөзі Common European Framework of Reference, яғни ол шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігін білдіретін түсініктің қысқартылған формасы. Бұл – дағдыларды нақты критерийлермен сәйкестендіру арқылы белгілі бір еуропалық тілді меңгеру деңгейін бағалау үшін арнайы жасалған жүйе. Осылайша, CEFR көмегімен адамның оқу, жұмыс немесе туризм үшін қажетті білім деңгейінің бар-жоғын анықтауға болады. Белгілі бір тілді білу деңгейін анықтау үшін арнайы халықаралық тесттер алынады. Атап айтқанда, ағылшын тілін меңгерудің белгілі бір деңгейін анықтау және растау үшін Cambridge English емтихандарының желісі қолданылады. CEFR тіл үйренудің үш деңгейін анықтайды: қарапайым (А әрпімен белгіленген), өзін-өзі қамтамасыз ететін (в әрпімен белгіленген) және еркін (С әрпіне сәйкес келеді), әр деңгей сәйкес санмен екі санатқа бөлінеді. Жалпы, меншіктің ең төменгі деңгейі, өмір сүру деңгейі А1 деңгейіне сәйкес келеді, ал ең жоғарғы деңгей С2-ге сәйкес келеді [8]. Аталған жүйе Қазақстандағы тілдік деңгейді анықтаудың негізіне де алынды. Ересек аудиторияны, соның ішінде мемлекеттік қызметшілерді оқытуға арналған «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасын» МБА 2020 жылы әзірледі [6].

Тұжырымдамада берілген оқыту жүйесі жоғары оқу орнынан кейінгі ересек аудиторияның қазақ тілінің ғылыми, ресми-іскерлік стильдері бойынша әр түрлі көлемдегі бірізді мәтін құрастыру (баяндамалық, талдамалы-сараптамалық), көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын деңгейлеп игертуге бағытталған.

Академияның тілдік жүйесін екі жақтан қарастыру қажет. Біріншіден, ЖОО-дағы тілдік білімді анықтау (А1-А2, В1-В2, С1-С2), магистратура, докторантураға оқуға түсетін мемлекеттік қызметшілердің тілдік білімдері В1-

ден төмен болмауы тиіс (1-6 кесте). Түлектердің тілдік деңгейі Qazaq resmi test арқылы анықталады.

Екіншіден, оқыту деңгейлері - B2-академиялық жазылым және көпшілік алдында сөйлеу деңгейі, C1-мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілде кәсіби жазу, сөйлеу дағдылары деңгейі, C2-мемлекеттік қызметшілердің жазылым коммуникациясы деңгейі. Төмендегі 1-6-кестеде әр деңгейдің сипаттамасы берілді.

Тұжырымдамада CEFR жүйесіне негізделген ересек аудиторияны деңгейлерге бөлу, әр деңгейге арналған тілдік құзыреттілік талаптары қарастырылған (1-6 кесте) [6].

Тыңдалым	Бейне материалды қарап, көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қатысын ескере отырып, талқылау сұрақтарына жауап беру, сөйлеу тілінің лексикалық мағынасын түсіну бойынша құрастырылған 5 тестті орындауы 70-74%-ды құрауы тиіс
Лексика-орфография	Берілген 10 тесттегі сөздердің лексикалық мағынасын түсінуі, орфографиялық нормаға сәйкес сөздерді жазуы, қосымшаларды жалғауы, пунктуацияны дұрыс қоюуы 70-74%-ды құрауы тиіс
Жазылым	Нақыл сөзді (цитатаны) оқып, өз көзқарасын 5 ресми стильді сөйлеммен беруі, сөйлемдеріңіз бір-бірімен байланысты болуы керек: 1-сөйлемде (кіріспе) тақырыптың өзектілігі, 2-сөйлемде 1-сөйлемдегі тірек сөз (аргумент) жалғасын табуы, 3-сөйлемде 2-сөйлемдегі тірек сөзді (аргументті) ашуы, 4-сөйлемде 3-сөйлемдегі тірек сөзді (аргумент) ашуы, 5-сөйлемде 2-4-сөйлемдерден қорытынды ой шығаруы 70-74%-ды құрауы тиіс.
Сұхбат	Жазылым бөлігі бойынша құрастырылған сұрақтарға көзқарасын білдіре отырып, нақты, аргументті сөйлемдермен жауап беруі, қажетті ақпаратты жеткізуі, сөйлемнің өзектілігін аша жауап беруі 70-74%-ды құрауы тиіс.

1-кесте. Қазақ тілін меңгерудің A1 деңгейі.

Ескерту: «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасынан» алынды.

Тыңдалым	Бейне материалды қарап, көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қатысын ескере отырып, талқылау сұрақтарына жауап беру, сөйлеу тілінің лексикалық мағынасын түсіну
-----------------	---

	бойынша құрастырылған 5 тестті орындауы 75-79%-ды құрауы тиіс
Лексика-грамматика	Берілген 10 тесттегі сөздердің лексикалық мағынасын түсінуі, орфографиялық нормаға сәйкес сөздерді жазуы, қосымшаларды жалғауы, пунктуацияны дұрыс қоюы 75-79%-ды құрауы тиіс
Жазылым	Нақыл сөзді (цитатаны) оқып, өз көзқарасын 5 ресми стильді сөйлеммен беруі, сөйлемдеріңіз бір-бірімен байланысты болуы керек: 1-сөйлемде (кіріспе) тақырыптың өзектілігі, 2-сөйлемде 1-сөйлемдегі тірек сөз (аргумент) жалғасын табуы, 3-сөйлемде 2-сөйлемдегі тірек сөзді (аргументті) ашуы, 4-сөйлемде 3-сөйлемдегі тірек сөзді (аргумент) ашуы, 5-сөйлемде 2-4-сөйлемдерден қорытынды ой шығаруы 75-79%-ды құрауы тиіс.
Сұхбат	Жазылым бөлігі бойынша құрастырылған сұрақтарға көзқарасын білдіре отырып, нақты, аргументті сөйлемдермен жауап беруі, қажетті ақпаратты жеткізуі, сөйлемнің өзектілігін аша жауап беруі 75-79%-ды құрауы тиіс.

1-кесте. Қазақ тілін меңгерудің А2 деңгейі.

Ескерту: «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасынан» алынды

Тыңдалым	Бейне материалды қарап, көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қатысын ескере отырып, талқылау сұрақтарына жауап беру, сөйлеу тілінің лексикалық мағынасын түсіну бойынша құрастырылған 5 тестті орындауы 80-84%-ды құрауы тиіс
Лексика-орфография	Берілген 10 тесттегі сөздердің лексикалық мағынасын түсінуі, орфографиялық нормаға сәйкес сөздерді жазуы, қосымшаларды жалғауы, пунктуацияны дұрыс қоюы 80-84%-ды құрауы тиіс
Жазылым	Нақыл сөзді (цитатаны) оқып, өз көзқарасын 5 ресми стильді сөйлеммен беруі, сөйлемдердің бір-бірімен байланысты болуы керек: 1-сөйлемде (кіріспе) тақырыптың өзектілігі, 2-сөйлемде 1-сөйлемдегі тірек сөз (аргумент) жалғасын табуы, 3-сөйлемде 2-сөйлемдегі тірек сөзді (аргументті) ашуы, 4-сөйлемде 3-сөйлемдегі тірек сөзді (аргумент) ашуы, 5-сөйлемде 2-4-сөйлемдерден қорытынды ой шығаруы 80-84%-ды құрауы тиіс.
Сұхбат	Жазылым бөлігі бойынша құрастырылған сұрақтарға көзқарасын білдіре отырып, нақты, аргументті сөйлемдермен

	жауап беруі, қажетті ақпаратты жеткізуі, сөйлемнің өзектілігін аша жауап беруі 80-84%-ды құрауы тиіс.
--	---

1-кесте. Қазақ тілін меңгерудің B1 деңгейі.

Ескерту: «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасынан» алынды

Тыңдалым	Бейне материалды қарап, көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қатысын ескере отырып, талқылау сұрақтарына жауап беру, сөйлеу тілінің лексикалық мағынасын түсінуі бойынша 5 тестті орындауы 85-89%-ды құрауы тиіс
Лексика-грамматика	Берілген 10 тесттегі сөздердің лексикалық мағынасын түсінуі, орфографиялық нормаға сәйкес сөздерді жазуы, қосымшаларды жалғауы, пунктуацияны дұрыс қоюы 85-89%-ды құрауы тиіс
Жазылым	Нақыл сөзді (цитатаны) оқып, өз көзқарасын 5 ресми стильді сөйлеммен беруі, сөйлемдердің бір-бірімен байланысты болуы керек: 1-сөйлемде (кіріспе) тақырыптың өзектілігі, 2-сөйлемде 1-сөйлемдегі тірек сөз (аргумент) жалғасын табуы, 3-сөйлемде 2-сөйлемдегі тірек сөзді (аргументті) ашуы, 4-сөйлемде 3-сөйлемдегі тірек сөзді (аргумент) ашуы, 5-сөйлемде 2-4-сөйлемдерден қорытынды ой шығаруы 85-89%-ды құрауы тиіс.
Сұхбат	Жазылым бөлігі бойынша құрастырылған сұрақтарға көзқарасын білдіре отырып, нақты, аргументті сөйлемдермен жауап беруі, қажетті ақпаратты жеткізуі, сөйлемнің өзектілігін аша жауап беруі 85-89%-ды құрауы тиіс.

1-кесте. Қазақ тілін меңгерудің B2 деңгейі.

Ескерту: «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасынан» алынды

Тыңдалым	Бейне материалды қарап, көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қатысын ескере отырып, талқылау сұрақтарына жауап беру, сөйлеу тілінің лексикалық мағынасын түсінуі бойынша құрастырылған 5 тестті орындауы 90-94%-ды құрауы тиіс
Лексика-грамматика	Берілген 10 тесттегі сөздердің лексикалық мағынасын түсінуі, орфографиялық нормаға сәйкес сөздерді жазуы, қосымшаларды жалғауы, пунктуацияны дұрыс қоюы 90-

	94%-ды құрауы тиіс
Жазылым	Нақыл сөзді (цитатаны) оқып, өз көзқарасын 5 ресми стильді сөйлеммен беруі, сөйлемдердің бір-бірімен байланысты болуы керек: 1-сөйлемде (кіріспе) тақырыптың өзектілігі, 2-сөйлемде 1-сөйлемдегі тірек сөз (аргумент) жалғасын табуы, 3-сөйлемде 2-сөйлемдегі тірек сөзді (аргументті) ашуы, 4-сөйлемде 3-сөйлемдегі тірек сөзді (аргумент) ашуы, 5-сөйлемде 2-4-сөйлемдерден қорытынды ой шығаруы 90-94%-ды құрауы тиіс.
Сұхбат	Жазылым бөлігі бойынша құрастырылған сұрақтарға көзқарасын білдіре отырып, нақты, аргументті сөйлемдермен жауап беруі, қажетті ақпаратты жеткізуі, сөйлемнің өзектілігін аша жауап беруі 90-94%-ды құрауы тиіс.

1-кесте. Қазақ тілін меңгерудің С1 деңгейі.

Ескерту: «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасынан» алынды

Тыңдалым	Бейне материалды қарап, көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қатысын ескере отырып, талқылау сұрақтарына жауап беру, сөйлеу тілінің лексикалық мағынасын түсіну бойынша 5 тестті орындауы 95-100%-ды құрауы тиіс
Лексика-грамматика	Берілген 10 тесттегі сөздердің лексикалық мағынасын түсінуі, орфографиялық нормаға сәйкес сөздерді жазуы, қосымшаларды жалғауы, пунктуацияны дұрыс қоюы 95-100%-ды құрауы тиіс
Жазылым	Нақыл сөзді (цитатаны) оқып, өз көзқарасын 5 ресми стильді сөйлеммен беруі, сөйлемдердің бір-бірімен байланысты болуы керек: 1-сөйлемде (кіріспе) тақырыптың өзектілігі, 2-сөйлемде 1-сөйлемдегі тірек сөз (аргумент) жалғасын табуы, 3-сөйлемде 2-сөйлемдегі тірек сөзді (аргументті) ашуы, 4-сөйлемде 3-сөйлемдегі тірек сөзді (аргумент) ашуы, 5-сөйлемде 2-4-сөйлемдерден қорытынды ой шығаруы 95-100%-ды құрауы тиіс.
Сұхбат	Жазылым бөлігі бойынша құрастырылған сұрақтарға көзқарасын білдіре отырып, нақты, аргументті сөйлемдермен жауап беруі, қажетті ақпаратты жеткізуі, сөйлемнің өзектілігін аша жауап беруі 95-100%-ды құрауы тиіс.

1-кесте. Қазақ тілін меңгерудің С2 деңгейі.

Ескерту: «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасынан» алынды

Деңгейлік оқытуда сөйлеу қызметінің 4 дағдысын дамытуға көңіл бөлінеді. Олар – тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым. Аталған 4 дағдының біреуі жеке тұлғаның бойында қалыптасса, сол дағдыны дамыту арқылы қалған дағдыларды қалыптастыруға болады. Осы тұста әрбір деңгейдің атқаратын қызметіне тоқталып өтейік.

Тіл үйретуде тыңдалым әрекетінің маңызды орын алатындығы жөнінде ғалым Фаузия Оразбаеваның айтуы бойынша, түсіну – сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу жүзеге аспайды. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді. Сондықтан «аудирование» дегенді түсіну емес, «тыңдалым» деп атайтынын, түсіну процесін осы әрекеттердің бәріне ортақ ұстаным ретінде танитынын айтады» [9]. Ғалымның пайымдауынша, егер коммуникацияға түсетін адамдар бір-бірінің айтқандарын түсінбесе, онда тыңдалым процесінің орнығуына кедергі келтіреді. Осы тыңдалым әрекетінің дұрыс қалыптасуы тіл үйренушінің деңгейлік оқытудың келесі жүйесіне өтуге мүмкіндік береді. Яғни, тыңдалым әрекеті айтылым дағдысын қалыптастыруға ықпал етуші негізгі фактор.

Айтылым әрекеті де коммуникацияға түсуші екі тұлғаның арасында жүзеге асады. Егер бір адам екінші бір адамға тіл үйрету барысында сол тілдің айтылым заңдылықтарын сақтап, ақпаратты толық әрі нақты жеткізсе, онда ол тіл үйренушінің сол тілді үйренуге деген ынтасын ашады. Мәселен, ағылшын тілін болмаса қазақ тілін үйреткенде аталған тілдердің орфоэпия және орфография деп аталатын екі үлкен заңдылықтарын білген абзал. Яғни, сөздің айтылуы мен жазылуында өзгешеліктер болады. Сондықтан жеке тұлғаға белгілі бір тілді үйреткенде ауызша тіл арқылы сол тілдің бастапқы лексикалық минимумдарын айтқызып үйрету керек. Ауызша сөйлеу іске асқан жерде тыңдалымның қатар жүретінін ұмытпау керек. Екі әрекет бірін-бірі үнемі толықтырып отырады. Келесі әрекет түрлеріне – жазылым мен оқылымды жатқызамыз. Жазылым барысында тіл үйренуші адам қағаз бетіне түскен сөздердің мазмұнына емес, олардың формасына да көңіл аударады. Яғни, бұл әрекет негізінде сөздердің графикалық бейнесін жаттау арқылы көздағдысын, сауатты жазу арқылы қолдағдысын қалыптастыруға болады. Оқылым әрекетінде тіл үйренуші берілген мәтінді құр оқымай, оны сараптауға, оқығаны бойынша түсінігін айтуға, қорытынды жасауға, анализдеуге үйретеді. Ғалым Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас» атты еңбегінде «Оқылым» әрекетіне мынадай анықтама береді: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» деп берілген [10,53]. Қарап отырсақ, төрт дағды тізбектеліп, бірінің орнына бірі жұмсалмайтынын, яғни әрқайсысының өз атқаратын функциясы мен маңызы бар екенін аңғаруға болады. Осы аталған төрт дағдының негізінде бүгінде әлем бойынша әдістемелік тұрғыдан тілді

үйретудің 6 деңгейі анықталған. Ол қарапайым А1 деңгейінен бастап жетік С2-ге дейінгі деңгей (А1, А2, В1, В2, С1, С2). Аталған деңгейлер еуропалық тілдік референттілік деңгейлеріне сәйкестендірілген. Мұндай жүйенің негізінде нарықта сұранысқа көп ие тілдер бүгінде тіл үйренушінің деңгейіне байланысты оның қолданысында қанша сөз игерілуі керек, әр деңгейде нені меңгеруі керек міне осындай негізгі критерийлер анықтап қойған.

Білім беру жүйесінде, тілді үйретудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін игертуде халықаралық тәжірибелердің ескеріліп, қолданысқа енгізілуі дұрыс деп ойлаймыз. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімділігін барынша арттырып, оның екінші шет тілі ретінде танылуына жағдай туғызамыз десек, халықаралық тәжірибелерді назардан тыс қалдырмаған жөн.

Сонымен еліміздегі тіл оқыту орталықтары халықаралық деңгейдегі тілді меңгерудің озық әдістері мен тәжірибелеріне сүйенгенімен, іс жүзінде ол оң нәтиже бермей отыр. Оған себеп, біріншіден, елімізде құрылған тіл орталықтары негізгі атқаратын міндеттерінен гөрі мемлекеттік тіл саясатын іске асыратын бағдарламаны, мемлекеттік тапсырмаларды ғана орындауға дағдыланып қалған, екіншіден, халық арасында қазақ тілін оқып-үйренуге деген сұраныстың, қажеттіліктің болмауынан қазақ тілін үйретудің әдістемесі де ақсап тұр. Шетелдердегі тіл оқыту орталықтарының деңгейінің жоғары болатын себебі, біріншіден, олардың үкіметтік емес ұйымдар негізінде құрылуында. Мұндай мәртебеде құрылған ұйымдар тек тілді дамытудың, оны қолданысқа енгізудің жолдарын іздеумен айналысады. Яғни, соның негізінде тіл оқыту әдістемесі, оның әдіс-тәсілдері үнемі жетіліп отырады.

Сондай-ақ, әрбір азаматтың ресми тіліне айналған өз ана тілдерін білуін міндеттеп қойған. Мұндай міндет, жергілікті тұрғындардың әрі мигранттардың тілді еріксіз меңгеруге ұмтылдырады. Сондықтан да шет елдерде өздерінің ана тілдерінің қолданысы тарылып қалады деген қорқыныш жоқ. Ал бізде бүгінгі күнге дейін тіл мәселесі не заңдық негізде, не болмаса әдістемелік негізде қалыптасқан жоқ. Қажеттілік, сұраныс болмаған жерде дамуда болмайды. Тілді саясаттың құрбанына айналдырмай, оны саясаттан тыс қарау керек. Яғни, тілдің тағдырын саясат шешпейді. Тіл саясатқа қызмет етпейді, сол саясаттың өзі Тіл арқылы жасалуға тиіс. Сондықтан еліміздегі тіл оқыту орталықтарының мәртебесін үкіметтік емес ұйым ретінде көрсетіп, оның атқаратын қызметін саясаттан алшақ қарау қажет деп ойлаймыз.

1. ҚР мемлекеттік тіл оқыту орталықтарының ағымдағы жағдайын талдау

Ғалымдардың айтуы бойынша бүгінде дүние жүзінде бес мыңнан астам ұлт болса, соның баршасы өзінің ұлттық ділін, болмысын, тілін сақтауға тырысады. Дегенмен, олардың баршасы қаншама тырысқанымен әлгіндей мүмкіндік барлығына бірдей берілмеген. Себебі, екі жүзден астам ұлттың ғана өз мемлекеттілігі бар, бұған қоса шамамен жетпіс шақты ұлт өз алдына мемлекеті болмаса да санының көптігімен өзінің дара келбетін сақтауға

мүмкіндік алған. Сонда қазір шамамен екі жүз жетпістей ұлт өзіндік даралығын сақтай алады. Қалғандары бірте-бірте мемлекет құрушы немесе саны көп ұлттың арасына сіңіп, ассимиляцияға түседі. Ассимиляцияға түсудің ең басты себебі олардың тілінің айтарлықтай деңгейде саяси, әлеуметтік, мәдени, ғылыми, ақпараттық қызмет атқара алмауында. Тілді сақтайтын, дамытатын мұндай қызметті мемлекеттік немесе ресми мәртебесі бар тілдер ғана толық атқара алады. Қазіргі дамыған қоғамда, жаһандану дәуірінде тілді сақтайтын ең басты қорғаныш оның саяси мәртебесі және сол тілде ұлт азаматтарының сөйлеуі болып табылады.

Тәуелсіздік алған шақта қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бірақ тіліміз мемлекеттік мәртебе алумен қолданыс аясы кеңейген жоқ. Тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл үйрету, мемлекеттік қызмет салаларында іс қағаздарын ана тілімізде жүргізу, жаппай мемлекеттік тілде сөйлеу сияқты мәселелер әлі толық орындалмай отыр. Осыған орай, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін асқақтатуға, қорғауға бағытталған арнайы Тіл туралы заң қабылданды, 2001-2010, 2010-2020 және оның жалғасы 2020-2025 жылдарға арналған тілді дамытудың және оны саяси тұрғыдан жүзеге асыратын мемлекеттік бағдарламалар бекітілді, тілдің қолданысын кеңейту мен үйрету, мемлекеттік қызмет салаларында іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу, жаппай мемлекеттік тілде сөйлеу сияқты өзекті мәселелердің алдын алу мақсатында арнайы – Тіл оқыту орталықтары құрылды. Қарап отырсақ, мемлекеттік тілді, тіл саясатын жүргізу мен насихаттауға, оны сақтауға арналған негізгі үш таған бар. Ең басты негіз – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту болғандықтан, бұл аса ірі міндеттің жүзеге асуы еліміздегі Тіл орталықтарына байланысты болмақ. Сонымен Қазақстандағы тіл оқыту орталықтарының ағымдағы жағдайы қандай, олардың қалыптасу негізі, даму перспективаларына кеңірек тоқталайық.

Еліміздегі құрылған кез келген тіл оқыту орталықтарының ең алдымен құқықтық-заңнамалық негіздері болады. Өйткені орталықтардың құрылу деңгейі, мәртебесі қандай, сол мәртебесіне қарай олардың жұмысы ұйымдастырылады. Соған сәйкес жұмыстың негізгі бағыттары айқындалып, оның Жарғысы да болатыны белгілі. Тіл оқыту орталықтарының мұндай заңнамалық көрсеткіштерінде олардың төмендегідей атқаратын міндеттері көрсетіледі:

- Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын және Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;
- мемлекеттік тілді оқыту мәселелеріне және қазақ жазуын жетілдіруге арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер мен әдістемелік семинарларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу;
- оқу орталықтары мен ересектерге сабақ беретін оқытушыларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру сынды негізгі міндеттер айқындалып көрсетіледі. Одан бөлек кейбір құрылған орталықтар әлеуетіне қарай түрлі қызмет түрлерін де іске асыра алады.

Тіл оқыту орталықтарының екінші негізі – оның қоғамдық негіздерінде болмақ. Елімізде құрылған тіл оқыту орталықтары қоғамдағы тілдік ахуалдың жағдайын бағдарлауға, сол бойынша тиісті жұмыстар жасауға міндетті. Кейбір орталықтардың аталған міндеттерді орындауда жұмыстары қанағаттанарлықсыз болғандықтан, осыған орай кей өңірлерде олардың аудандық бөлімшелері ашылды. Ал кейбір жерде орталық болмағаннан кейін оны басқа құқықтық заңды негіздегі ортаға, айталық жеке меншік орталықтардың құрылымына еніп отыр. Тіл оқыту орталықтарының мұндай күйге енуі жұмыстарының нәтижесіз болуынан деп ойлаймыз. Өйткені бүгінгі құрылған орталықтардың басым көпшілігі қоғамдағы тілдік ахуал мәселесін Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының аясында ғана қарастырады. Ал негізгі бұл мәселенің аясы Конституциясының 93 бабымен байланысты болуы керек. Қазақстан Республикасы Конституциясының 93-бабында: «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп көрсетілген [11]. Осы бапта аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін де өңірлік орталықтар құрылған болатын. 1997 жылы 11 маусымда Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы қабылданғаннан кейін, елімізде жаппай өңірлік тіл оқыту орталықтары да ашыла бастады. Ең алғашқы тіл оқыту орталығы Оңтүстік Қазақстан облысында (қазіргі Түркістан облысы) ашылды. Одан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 9 қазанындағы №1545 қаулысының негізінде Ш.Шаяхметов атындағы республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы құрылды. Бұл орталық ашылған кезінен бастап өңірлердегі тіл оқыту орталықтарының жұмыстарына әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетіп, жұмыстарын үйлестіруде. Бүгінде аталған құрылымның атауына және оның атқаратын функциялары мен бағыттарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілген. Одан кейінгі 2000, 2001, 2003 жылдары Нұр-Сұлтан қаласында (ол уақытта Астана қаласы) «Руханият», ШҚО-ның Бесқарағай ауданында және Көкшетау қаласында бір-бірден тіл оқыту орталықтары ашыла бастады. Жалпы еліміздегі тіл оқыту орталықтарының жаппай ашылған уақыты 2006-2008 жылдар аралығын, сондай-ақ, 2011-2012 жылдардағы кезеңдерге тән. Бұл жылдары республиканың 5 облысындағы аудандарда тіл орталықтары қарқынды түрде ашыла бастады. Барлық ашылған тіл орталықтарының 21%-ы Ақмола облысында (19 орталық); 20%-ы Қостанай облысында (18 орталық) болса; 16%-ы Алматы облысында (14 орталық); ОҚО-да құрылған барлық орталық 13%-ын құраса, ШҚО-да орталықтар 10%-ын құрады. Бұл республикадағы барлық мемлекеттік орталықтардың 76%-ын көрсетеді [12,20]. Жалпы орталықтардың өңірлерден жаппай ашылуының басты себебі ҚР Тіл саясатын жүзеге асыруға арналған мемлекеттік бағдарламалардың қабылдануы және соған сәйкес мемлекеттік тілді оқып-үйренуге деген сұраныстың артуы деп білеміз. Бүгінде елімізде тіл

оқыту орталықтарының жалпы саны 99-ға жетті. Алайда бұл орталықтардың заңды тұлға ретіндегі деңгейлері бірдей емес.

Өңірлік тіл оқыту орталықтарының бүгінгі хал-ахуалына назар аударар болсақ, олардың жылдан-жылға жағдайы бірқалыпты емес. Яғни олардың бірі жабылып, бірі қысқарып, бірі жекешелендіру үстінде. Мұндай жүйе қазіргі тілдік ахуал жағдайындағы мемлекеттік тілдің деңгейін анықтауға кедергі келтіруде. Бүгінде еліміздегі мемлекеттік тілдің қолданысы, оның тілдік жағдаяты еліміздің қай өңірінде тіл оқыту орталықтары бар тек солардың берген көрсеткіштерінің негізінде бағаланып келеді. Ал тіл оқыту орталықтары жоқ өңірлерде мемлекеттік тілдің жағдайының қандай екенін айтпасақ та белгілі. Бүгінде тіл оқыту орталықтары өз жұмыстарын жандардыру үшін төмендегідей критерийлердің орындалуын әрдайым назардан тыс қалдырмау керек деп ойлаймыз:

- мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған нысаналы индикаторлық көрсеткіштер сапалы орындала ма?

- оқытушының материалдық және рухани жағдайы толық қамтамасыз етілген бе?

- тіл үйренушілердің оқулықпен қамтамасыз ету деңгейі қандай?

- орталықтар материалдық техникалық базамен толық қамтамасыз етілген бе?

- қашықтан оқытатын құрылғылары бар ма?

- жеке меншік орталықтармен, ЖОО-мен байланыстары қандай?

- тіл оқыту орталықтарында қостілділікті меңгертетін билингвист мамандар бар ма?

Жоғарыда көрсетілген негізгі мәселелер әрдайым өз шешімін тауып отырса, бұл орталықтардың жабылмауына, олардың атқаратын қызмет түрлерінің аз болмауына алып келер еді деп есептейміз. Кейбір орталықтар жоғарыда көрсетілген талаптарды орындауға әлеуеті жетпейді. Мәселен, кейбір аудандық орталықтардың материалдық техникалық базасы дамымағаннан кейін, соның салдарынан білім сапасы төмендеп, оқытудың жаңа технологиялары ендірілмей жатады. Бұл қазақ тілін оқытуға, тілге деген сұранысты арттыруға, қазақ тілінің қолданысының кеңеюіне кері әсерін тигізіп отыр. Осындай негізгі мәселелерден еліміздегі тіл оқыту орталықтарының бүгінгі жағдайын көруге болады:

- Ақмола облысында тілдерді дамыту басқармасы мүлдем жойылған. Ол бүгінде ішкі саясат басқармасында бөлім ретінде қайта құрылды. Қазақ тілі мәселесі өткір тұрған осындай өңірде мұндайға қалай жол берілгендігі белгісіз.

- Нұр-Сұлтан қаласында Тілдерді дамыту мен архив ісін біріктіріп, қосымша функция артып қойған. Елордада тіл мәселесінің деңгейі қандай екені айтпаса да белгілі.

- Алматы қаласында мүлдем басқарма жоқ. Алматы қаласы әкімі аппаратының тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығын ашқан. Бұл орталықтың ешқандай құзыреті де, әлеуеті де жоқ. Тілдерді

оқытудың мемлекеттік орталығын жауып тастаған. Бизнес элитаның ең көп үлесі шоғырланған ірі қаладағы қазақ тілі мәселесі өте күрделі.

- Қызылорда облысы бойынша да тілдерді дамыту басқармасын жауып, ішкі саясат басқармасына біріктіріп жіберген.

- Павлодар облысы тілдерді дамыту басқармасы мәдениет және архив ісімен біріктіріліп, Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы болып құрылған. Бұл басқарманың негізгі қызметі – мәдениет саласына қатысты іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады. Сонымен қатар, тілдерді оқыту орталығы жабылған. Тіл мәселесі мүлдем жабулы күйде.

- Маңғыстау облысында да дәл осындай жағдай. Маңғыстау облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тіл проблемаларын көтеруге қауқарсыз. Онымен бірге тілдерді оқыту орталығы мүлдем жоқ.

- Атырау облысы бойынша тілдерді оқыту орталығы жабылған. Ондай орталыққа Атырау облысында қажеттілік жоқ дегенді алға тарту тіліміздің дамуына, тіл мәдениетінің қалыптасуына кедергі болып отыр.

- Түркістан облысы бойынша тілдерді дамыту басқармасын жауып, мәдениет басқармасына бөлім ретінде жұмысын ұйымдастырып отыр. Халқы жағынан ең көп өңірде тіл мәселесі өткір тұрған аудандар мен қалалар бар.

- Шымкент қаласы бойынша тілдерді дамыту басқармасы жоқ. Оның орнына мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасында тіл бөлімі бар. Қарап отырсақ, еліміздегі тіл оқыту орталықтарының жағдайы мәз емес. Мемлекеттік бағдарламаның орындалуын міндеттейміз, бірақ оның сапалы орындалуын қадағалайтын осындай жергілікті атқарушы органдардың бір-бірден жабылуы өкінішті. Біздің ойымызша, мұндай жергілікті атқарушы органдарды жапқан дұрыс емес. Жалпы еліміздегі тіл оқыту орталықтарының болашағы жергілікті халықтың басым көпшілігі қай ұлтты құрайтындығымен өлшенбеу керек. Мәселен, Шымкент қаласының жергілікті халқының 65,04%-ын қазақ халқы құрайды [12]. Халықтың санына қарап, бұл өңірде мемлекеттік тілге қатысты мәселелер туындамайды деп гипотез жасап, ондағы тіл оқыту орталықтарын жауып тастауға болмайды. Тіл жанды құбылыс болғандықтан, оның дамуына, таралуына байланысты мәселелер үнемі туындап отырады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында алдағы үлкен бағыттардың бірі – тіл реформасы деп көрсеткен. Ал тіл реформасын жүзеге асыратын бірден-бір тетік – ол қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру болмақ. Осындай тіл реформасы кезінде, латын әліпбиіне көшу кеңістігінде Тіл оқыту орталықтарының даму перспективаларына жол ашылайын деп тұр. Бұрын орталықтар тек әдістемемен шұғылданатын болса, енді латын деген үлкен бағыт кірді. Латынның өзін іштей екі бағытқа бөлуге болады. Оның бірі – әдістеме болса, екіншісі – насихат жұмыстары. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі бекітілген соң, оны жүзеге асыруға бағытталған арнайы НҚА қабылданады. Ол Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің қаулысымен бекітіледі. Қаулыда қазақ тілі әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру бойынша іс-шаралар

жоспары көрсетіледі. Жоспарда жергілікті атқарушы органдарға атқаратын міндеттері бойынша жұмыстар жүктеледі. Аталған жоспардың алғашқы орындалу кезеңі 2019 жылдың наурыз айынан қараша айына дейінгі аралықта Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен «жаңа әліпбиді үйрететін тренерлерді дайындау курсынан» басталды. Бұл курсқа еліміздегі Тіл басқармаларының және соларға қарасты тіл оқыту орталықтарының оқытушылары, әдіскерлері келіп қатысты. Курстың негізгі мақсаты – латыннегізді қазақ әліпбиі мен емле ереженің басты нормативті қағидаларын, орфографиялық нормаларды қазақ тілі мамандарына үйрету арқылы өзге аудиторияны оқыта алатын білікті тренерлерді дайындау. Бұл курстан өткен мамандар сертификатталып, өз өңірлеріндегі жергілікті тұрғындарға жаңа әліпбиді үйретуге байланысты түрлі семинарлар, курстар өткізуге құқылы болды. Нәтижесінде мамандар жыл соңында латын әліпбиін меңгертуге арналған курсқа қанша адам қатысқандығы жөнінде ақпарат беріп отырды. Мәселен, Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы маманының берген мәліметі бойынша: Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін меңгерту курсына жалпы қабылданған тыңдаушылар саны – 758 (ұлттық құрамы: 735-і қазақ, 23-і этнос өкілі). Міне, осындай көрсеткіштер арқылы еліміздің қай өңірінде латын әліпбиі бойынша насихат жұмыстарын күшейту керек, әдістемелік тұрғыдан қандай көмектер қажет деген сияқты негізгі ақпараттарды білуге болатын. Алдағы уақытта елімізде қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары қызу жүргізіліп жатқан кезеңде тіл оқыту орталығы жоқ өңірлер мұндай маңызды іс-шараларды орындауға қауқарсыз екенін анық көруге болады.

Қорытындылай келе, еліміздегі тіл оқыту орталықтарының ағымдағы жағдайы мен даму перспективасы келесідей мәселелерге байланысты:

- «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» болса, екіншісі;
- «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру іс-шаралар жоспары»;

Тіл орталықтарының қызметін білім беру мекемелеріне беру арқылы ересек аудиторияны бірізді Тұжырымдама, бағдарламалар арқылы жүргізуге бағыттау.

2. Республикадағы тіл оқыту орталықтары қызметі проблемаларының талдамасы

Мемлекеттік тілді оқыту қай кезде болмасын, күн тәртібінен түсіп көрмеген, өткір мәселенің бірі болып келеді. Оған себеп болатын түрлі факторлар бар. Жалпы мемлекеттік тілді оқыту жүйесі – бұл балабақша, орта мектеп, орта арнаулы оқу орны, жоғары оқу орны, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орындары мен мемлекеттік қызметшілер сияқты аралық кезеңдегі адамдардың тілдік тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Білім беру орындары мен жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік тілді оқыту

бағдарламаларының құрылымында айтарлықтай біршама айырмашылықтар бар. Олай болуы заңды. Өйткені екі бағыттың көздеген мақсаты бір болғанымен, орындайтын міндеттері әртүрлі. Мақсат – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, азаматтардың өз ана тілінде білім алуын қамтамасыз ету болса, міндеттері бойынша бірінде – қазақ тілі тек ана тілі ретінде оқытылса, енді бірінде қазақ тілі саясаттың тіліне айналып, уақытша қажеттіліктен туындаған қарым-қатынас тіліне айналып отыр. Бүгінде елімізде мемлекеттік тілді жеделдете оқытудың негізгі 3 деңгейі көрсетілген. Олар – бастауыш деңгей, жалғастырушы деңгей және жоғары деңгей. Егер бұл деңгейлерді білім беру орындары мен жергілікті атқарушы органдардағы тіл үйретудің сапасын анықтайтын көрсеткіш ретінде топтайтын болсақ, онда білім беру орындары жоғарыда көрсетілген 3 деңгейді қамтуға толық құқылы. Ал білім беру сатыларынан өткен, бүгінгі күні мемлекеттік қызмет атқарып жүрген жеке азаматтардың білім алу жүйесі тек жоғары деңгейге ғана лайықты болу керек деп ойлаймыз. Алайда еліміздегі мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік мекемелерде қызмет істегенімен, қазақ тілін білу деңгейі бастауыштық деңгеймен қалып отыр.

Мемлекеттік тілді білу – бүгінгі күннің басты талабы десек, онда бұл мемлекетте тұратын әрбір азамат қазақ тілінде таза сөйлеп, сауатты оқып - жазуға, ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге дағдылануы тиіс. Ол үшін балабақшадан бастап, ересек тұрғындарға дейінгі аралықтағы қазақ тілінің оқыту әдістемесін жетілдіру керек. Әсіресе еліміздегі тіл оқыту орталықтарындағы ересектерге қазақ тілін оқытудағы жүйенің сақталмауы қоғамның наразылығын тудырып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, ересектердің қазақ тілін үйренуге деген ынта-ықыластарын кемітуге себеп болған басты үш аспектіні атап көрсетуімізге болады:

Оның біріншісі – қазақ тілін оқыту әдістемесінің тіл оқыту орталықтарындағы деңгейі; екіншісі – қазақ тілін үйретуге арналған оқу-әдістемелік құралдардың сапасы; үшіншісі – оқытушылардың кадрлық әлеуеті. Енді осы аталған мәселелерге жеке-жеке тоқталайық.

Қазіргі таңдағы мемлекеттік тілді оқыту орталықтарында ұйымдастырылатын тіл үйрену курстарына әсіресе мемлекеттік қызметшілер және ересек тұрғындар қатысады. Жалпы педагогика саласында ересектердің білім алуын зерттейтін андрагогика ғылымы қалыптасқан. Андрагогика дегеніміз – оқу іс-әрекеті кезінде ересек субъектісінің білімі мен дағдыларын игерудің нақты заңдылықтарын, сондай-ақ, кәсіби мұғалімнің осы қызметті басқару ерекшеліктерін зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы. Бірақ қазір ғылымда «андрагогика» терминінен гөрі ересектерді оқыту немесе ересектер педагогикасы ұғымы жиі қолданылып жүр. Бұл терминді ең алғаш ғылымға енгізген неміс ғалымы, тарихшы А.Капп (1833ж.) болатын [13].

Мемлекеттік тіл оқыту орталықтарында бүгінде ересектердің әдістемелік тұрғыдан тіл үйрену деңгейін анықтау бойынша ортақ жүйе жоқ. Өйткені қазақ тілін деңгейге бөлудің негізгі шарттары ғылыми-теориялық тұрғыдан әлі күнге дейін зерттеліп анықталмаған. Бұл мәселе жөнінде де ғалымдарымыздың

көзқарастары алуан түрлі. Қазақ тілін деңгейге бөліп оқытуды бастап берген ғалым Қ.Қадашева: «Қазақ тілін деңгейлік оқытуға арналған үшдеңгейлік (бастауыш, базалық, жоғары деңгейлер) оқытудың коммуникативтік, тілдік және әлеуметтік- мәдени құзыреттерін анықтайды» деген тұжырым жасаса [14,20], филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Жүнісбек тілді грамматикасыз оқыту керек деп 4 деңгейді көрсетеді: 1) ауызекі тұрмыс тілі; 2) ауызекі кәсіби тіл; 3) ауызекі іскери тіл және соңғысы 4) ауызекі әдеби тіл [15,21].

Ғалым К.Өмірбаева «Қазақ тілін көпдеңгейлік оқыту» атты еңбегінде қазақ тілін игерудің 3 деңгейін көрсетеді: 1) бастауыш топ; 2) жалғастырушы топ; 3) жетілдіруші топ. Ғалым әрбір деңгейде нені оқыту керектігі туралы ой қозғайды [15,9]. Мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалайтын жалпыға ортақ отандық Қазтест, Qazaq resmi test жүйелері бар. Аталған жүйе бойынша 6 деңгей қарастырылған:

1. Қарапайым деңгей А1
2. Негізгі (базалық) деңгей А2
3. Орта деңгей В1
4. Ортадан жоғары деңгей В2
5. Жоғары деңгей С1
6. Жетік деңгей С2.

Тіпті кейбір отандық ғалымдардың арасында қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне жеделдете оқытудың 3 деңгейін көрсетеді. Сөзімізге дәлел ретінде филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ш. Құрманбаеваның жіктелімі бойынша:

1. Дағдыларды қалыптастыру мен жетілдіру кезеңі: бастапқы деңгей А1 және А 2;
2. Сөйлеу әрекетін дамыту кезеңдері: орта деңгей В1, В2;
3. Қатысым әрекетін жетілдіру кезеңі: жоғары деңгей С1; С2. [16]

Қарап отырсақ, қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әркелкі деңгейі елімізде тілді оқытудың бірыңғай әдіснамасы мен стандартының болмауын, мемлекеттік тілді меңгеру процесін ынталандыру және мониторинг жүйесінің жоқтығын көрсетіп отыр. Мұндай жүйесіздіктің орын алуы ең алдымен оқытушыға одан кейін тіл үйренушіге әсер етпей қоймайды. Алайда тіл орталықтары мемлекеттік қызметшілерді «бастауыш, жалғастырушы және тереңдетілген» деңгейлер бойынша бір жүйемен оқытқанымен, ондағы бағдарламаның сағат саны әр орталықта әртүрлі. Бірінде 70 сағаттық, бірінде 90 сағаттық, бірінде 120 сағаттық оқу бағдарламасы қолданылады. Оқытушылар мемлекеттік қызметшілерге тілді үйрету барысында қай әдіскердің ұстанымын басшылыққа алатынын білмей жатады. Мұндай жүйесіздіктің өзі ересектердің тіл үйренуге деген қызығушылығын кемтіпесе, арттырмайды. Онсызда тіл үйрену курсына келушілердің басым көпшілігі қызметтік қажеттілігіне қарай қатысады. Мемлекет тарапынан мемлекеттік қызметшілерге тілді үйренуге байланысты барлық жағдай жасалып жатыр. Арнайы мемлекет тарапынан

қаржы бөлінеді, қызмет тарапынан қолдау көрсетіледі алайда мемлекеттік қызметші қазақ тілін ең болмағанда В2 деңгейінде де меңгере алмайды.

Зерттеу нысаны болып отырған республика көлеміндегі мемлекеттік мекемелердің Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2020 жылдың 1-жартыжылдығында қазақ тілі және латын әліпбиін үйрету курсынан өткен тыңдаушыларының саны туралы мәлімет төмендегідей:

1. Батыс Қазақстан облысында мемлекеттік тілді оқыту курсына әлеуметтік тапсырыс негізінде 1130 адамды қамту жоспарланып, курстар онлайн негізде ұйымдастырылған.

2. Қарағанды облысында қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша жалпы саны 3312 адамды қамтыған 53 шара ұйымдастырылды. Мемлекеттік тілге оқыту облыстың 13 өңірінде орналасқан 6 оқыту орталықтары мен 8 оқыту курстарында жүзеге асырылады. 2020 жылдың I жарты жылдығында аталған орталықтар мен курстарда мемлекеттік тілге 1221 адам қашықтықтан онлайн оқытылды. Оның ішінде:

- мемлекеттік қызметшілер – 268;
- құқық қорғау органдары қызметкерлері – 236;
- білім беру саласы қызметкерлері – 164;
- мемлекеттік қызмет көрсету саласы қызметкерлері – 227;
- медицина саласы қызметкерлері – 29;
- жеке тұлғалар – 297.

3. Шымкент қаласында есепті кезеңде қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығында 104 адам латын графикасын оқыту курсынан өткен. Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығы қаланың ересек тұрғындарына тілдерді ақысыз негізде оқытады. Жыл басынан 262 тіл үйренуші мемлекеттік тіл оқыту курсына қатысқан.

4. Ақмола облысында бойынша 18 Тілдерді оқыту орталықтарында 2020 жылдың I жартыжылдығында 25 іс-шара (дәріс сабақ, баяндама, пікір алмасу, мақала жазу, дөңгелек үстел, диктант, семина-практикум) өткізіліп, 349 мемлекеттік және азаматтық қызметшілерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 48 топта 474 тыңдаушыға латын әліпбиі мен емле ережелерін меңгерту курстары өткізілген.

5. Ақтөбе облысында Тілдерді оқыту орталығы арқылы 826 адам мемлекеттік тілді үйрету курсымен қамтылды. Курспен қамтылғандардың 18 %-ы өзге ұлт өкілдері.

6. Алматы облысында мемлекеттік тілді оқыту курсына 490 тыңдаушы қабылданды. Оқытылған топ саны – 44. Соның ішінде 153 мемлекеттік, 282 бюджеттік сала қызметкерлері, 55 жеке тұлға. Ұлттық құрамы бойынша: 278-і қазақ, 212-сі этнос өкілдері. Достық үйінде мемлекеттік және этностық тілдерді дамыту кабинетінде этнос өкілдеріне арналған қазақ тілін үйрету курсы бойынша екі топ: Бастауыш топ, «Тіл дамыту» қазақ тілін жалғастыра оқыту тобы қызмет істейді. Курс тыңдаушыларының жалпы саны - 48 адам. Олардың 75%-і өзге этнос өкілдері, 25%-і орыс тілді қазақтар, 50%-і мектеп жасындағы

оқушылар, 50%-і облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы этномәдени орталықтардың қызметкерлері.

7. Атырау облысында білім беру басқармасымен мемлекеттік тілді оқытатын педагогтарға арналған 2 онлайн оқыту семинары өтті. Семинар жұмысына Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылық құрамы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтары қатысты. Семинарға барлығы 1200 адам қатысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Атырау облысы бойынша филиалында 140 мемлекеттік қызметші ағылшын тілі курсымен қамтылды.

8. Жамбыл облысында жаңа қазақ әліпбиін үйрету мақсатында 14 іс-шара ұйымдастырылып, 85489 мұғалім мен 103241 оқушы (5-11 сынып оқушылары) қамтылды. Қазақ тілін үйрену үшін 1134 тыңдаушы (77-мемлекеттік қызметші, 801-бюджеттік сала қызметкері, 129-әр түрлі сала қызметкері, 127-студенттер) қамтылып, оның ішінде 90,4%-і яғни 1026 өзге ұлт өкілдері тегін оқу курстарынан өтуде.

9. Қостанай облысында 20 тілдерді оқыту орталығы қызмет етеді. Олардың базасында 6603 адам қазақ тілін оқып келеді, соның ішінде 69 ауылдық округта қазақ тілін – 1638 адам оқуда. Тілдерді оқыту орталықтары оқу процессін онлайн және офлайн форматқа көшірді. Облыстық «Тілдарын» орталығы мен Рудный қалалық тілдерді оқыту орталығы базасында 204 адам этностардың тілдерін оқып үйренуде. Қостанай облысында тілдерді оқыту орталықтары базасында 2020 ж. қазақ тілін – 6603 адам, ағылшын тілін - 1872 адам, ана тілдерін – 204 адам оқуда, соның ішінде 69 ауылдық округта қазақ тілін – 1638 адам, ағылшын тілін – 120 адам оқуда.

10. Қызылорда облысында тілдерді оқыту орталығы арқылы 920 адам, оның ішінде 460 адам мемлекеттік тілді, 205 адам орыс тілін, 255 адам ағылшын тілін оқыту курстарынан өтті. Оқыту курстары еліміздегі карантиндік жағдайға байланысты онлайн түрде жалғасын табууда.

11. Маңғыстау облысында 2020 жылдың I-жартыжылдығында жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерін түсіндіру бағытында 7 шара өткізілді: 2 семинар, 2 «дөңгелек үстел», 1 дәріс, 2 еңбек ұжымдарымен кездесу. Көпшілікке мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін үйретуге бағытталған «Үш тілді онлайн оқыту» мобильдік қосымша жасақталып, іске қосылды. Бұл Қосымша тілдерді онлайн режимде смартфон немесе планшет арқылы үйренуге мүмкіндік береді. Қосымша Android және iOS нұсқаларында жұмыс жасайды. 2020 жылдың I-жартыжылдығы қорытындысы бойынша аталған қосымшаны 7600 адам пайдаланып, тіл білу деңгейін анықтаушы тестілеуден өтті.

12. Нұр-Сұлтан қаласында 2020 жылы мемлекеттік тілді оқыту курстарында 1500 тыңдаушы оқыды. Оның ішінде мемлекеттік қызметшілер – 126, медицина ұйымдары – 233, білім беру ұйымдары – 271, этномәдени орталықтардың өкілдері – 41, қала тұрғындары – 800, мәдениет ұйымдары – 29.

13. Павлодар қаласында 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында облыста қазақ тілін тегін оқыту курсы барлық санаттағы 1220 адам аяқтады. Сонымен қатар «Күн сәулесі» жабасы шеңберінде көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы қазақ тілі курсынан 30 адам, «Тіл керуені» жобасы бойынша 50 адам, отанына оралған қандас азаматтарға арналған латын қарпі негізінде «Қамқор» қазақ тілі семинарына 50 адам қатысты.

14. Солтүстік-Қазақстан облысында «Тілдерді оқыту орталығы» КММ-сі арқылы ересектерді қазақ және ағылшын тілдеріне оқыту үшін 136 топ ұйымдастырылды. Оның 114-і қазақ тілі, 22-сі – ағылшын тілі тобы. Қазақ тілі топтарына 2312 адам қатысады, ал ағылшын тілі топтарына 319 адам қатысады. Сонымен қатар қала, аудан бюджетінен 72 топта тұрғындар тілдерді үйренуде. Жалпы облыстың ұйым, кәсіпорындарында 779 үйірмеде 11300-ден астам тыңдаушы мемлекеттік тілде дәріс алуда.

Достық үйінде неміс, поляк тілдерін үйрену бойынша курстар ұйымдастырылған. 2019-2020 оқу жылында облысымызда өзге ұлт өкілдерінің 250 астам баласы ана тілдерін оқуда. 2020 жылдың I жартыжылдығында өңірде этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқыту курстарымен қамтылған этностардың үлесі 81%-ға жетті. Тілдерді оқыту орталығы» КММ-сі арқылы ересектерді ағылшын тіліне оқыту үшін 22 топ ұйымдастырылды. 319 адам қатысады.

15. Шығыс-Қазақстан облысында ересек тұрғындарға жаңа әліпби мен емле ережесін таныстыру мақсатында облыс көлемінде 2020 жылдың 1-жартыжылдығында 90-нан астам шара ұйымдастырылып, 10 мыңға жуық адам қамтылды. 2019-2020 оқу жылында тілдерді оқыту орталықтарының базасында 3956 адам мемлекеттік тілді 1462 адам ағылшын тілін оқып жатыр. Мемлекеттік тілді оқуға тартылғандардың 1682-і мемлекеттік қызметші, 1554-і бюджеттік сала қызметкерлері, 900-і басқа санаттағы азаматтар. Шығыс Қазақстан облысындағы 12 тілдерді оқыту жөніндегі мемлекеттік орталықтарда қазақ, ағылшын тілдерімен қатар орыс және қытай тілдері оқытылады. Бүгінгі күні 10 адам қытай тілін, 140 адам орыс тілін оқып жатыр.

16. Түркістан облысында мемлекеттік тілді тегін оқытатын 16 орталық жұмыс жасайды. Орталықтарда 15 әдіскер, 27 қазақ тілі жұмыс істейді. Тілдерді оқыту орталықтарында 2020 жылдың қаңтар мен маусым аралығында мемлекеттік тілді 1973 адам, орыс тілін 1234 адам, ағылшын тілін 1753 адам оқып, меңгерген.

Жалпы қазақ тілін үйренуге келетін ересектер тілді қандай да бір бағдарламаның негіздеп үйренгісі келмейді. Олай дейтін себебіміз курсқа келушілердің басым көпшілігі қазақ тілінде еркін сөйлеп кетуді мақсат етпейді, тек күнделікті қолданыста жүрген негізгі мемлекеттік құжаттардың ең болмаса қазақша аудармасын біліп шықсам жеткілікті деп ойлайды. Біздің ойымызша, мемлекеттік қызметшіге екінші деңгейден бастап кәсіби қазақ тілі үйрету керек. Ал, кәсіптің түрі көп. Жалпы тілді үйретуде белгілі бір жүйеге сүйенген дұрыс. Алайда тіл үйрету процесі заңдылықтан гөрі, еркіндікті, шығармашылықты талап етеді. Мәселен, кез келген бір сала қызметкері жұмыс уақытынан

босатылып, тіл үйрену курсына барды делік. Ол курс барысында өзінің саласында қолданылатын қандай да бір тілдік бірліктердің бірін кездестірмесе, тілді үйренуге деген ынтасы бірден төмендейді. Онсызда басшыларынан сұранып, жұмыстан 1-2 сағатқа ғана босатылған маманға курстың берері аз болса, онда ол тілді тек көзбаяушылықпен, сертификат алу үшін оқитын болады. Мәселен, бөлінген 72 сағаттың басында бір келіп, ортасында бір келіп, соңында бір көрініп жүрсе ондай қызметкерге қандай талап қойып, одан қандай нәтиже күтуге болады. Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің сөйлеу дағдысын, жазу дағдысын қалыптастыру үшін ең алдымен өз саласына қатысты құрастырылған тілдескіштердің, сол саланың терминдер сөздігінің және сол салада күнделікті қолданылатын ісқағаз үлгілерінің материалдарымен мейлінше көп жұмыс жүргізу керек. Мемлекеттік қызметші болған соң, оның күнделікті жұмысы ісқағаздармен өтеді. Бізде қазіргі таңда ісқағаздар екі тілде жүргізіледі. Заңда орыс тілі қажеттілікке қарай қолданылады дегенмен, бүгінде заңның бұл бөлімі орыс тіліне емес, қазақ тіліне арналған сияқты. Өйткені, қазір көптеген мекемелерде ісқағаздардың негізгі тілі – орыс тілі. Ал қазақ тілі соның көлеңкесінде қалып, аударма тіліне айналып отыр. Мемлекеттік тілде келген құжатқа қазақша жауап беру керек болса, қызметкер хатқа әуелі орыс тілінде жауап жазып, оны артынан қазақ тіліне аударып отырады. Міне осындай қателіктерге жол бермес үшін оқытушы ең алдымен курсқа қатысатын қызметкердің өз саласына қатысты құжаттарын сабақ барысында пайдаланғаны дұрыс деп ойлаймыз.

Әр саланың өз тілі бар демекші, алғашқы сабақты қызметкердің саласынан бастаса, кем дегенде бір күннің ішінде 10 сөз жаттауға дағдыланады. Әуелі номинативті тұлғада тұрған құжат түрлерін жаттатқызып үйрету керек. Одан кейінгі сабақтарда әр құжаттың ішкі мазмұнын құрайтын тілдік бірліктер бойынша тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымға сәйкес тапсырма түрлерін беру керек. Мұндай бағытта жүргізілген курстың нәтижелі болатынына сенімдіміз. Қазір жаһандану заманында ақпарат айдыны қарқынды дамыған сайын, адамдарда уақытқа сай ілесіп, дамығысы келеді. Ересектерге қазақ тілін оқытуда деңгейлік жүйеге сүйенудің қажеті жоқ. Мемлекеттік қызметшілер қарапайым деңгейді меңгеріп босқа уақыт кетіргенінше жоғары, яғни кәсіби деңгейден бастағаны әлде қайда тиімді болар еді. Қарапайым деңгейге тән лексикалық минимумдарды онсызда күнделікті тұрмыс-тіршілігінде естіп, біліп жүр. Сәлемдесуді біледі, отбасы туралы қысқаша болса да ойын жеткізе алады. Бастысы бойында қазақ тілінің фундаменти қалыптасқан. Біздіңше, қазақ тілін жүйелеп оқыту деңгейі мемлекеттік қызметшілерден гөрі, өзге этнос өкілдеріне арналғаны дұрыс. Әлемдік өркениеттің өзінде мұндай жүйе тек кез келген өз ана тілдерін өзге ұлтқа екінші шет тілі ретінде оқу үшін пайдаланады. Мәселен, тіліне, санасына жат ағылшын тілін меңгеруге барған қазақ азаматынан ең алдымен оның деңгейін анықтамай, оған ол Орталықтан әдістемелік көмек берілмейді.

Сондықтан тілімізді меңгертуде мұндай халықаралық жүйені қолдану әлі де зерттеуді қажет етеді. Егер мұндай жүйе елімізде әбден қалыптасқан болса,

онда әр деңгейге сәйкес тіл үйренушінің күнделікті қолданысына қажетті деген лексикалық және грамматикалық минимумдардың тізбегі бекітілу керек. Жалпы ғалымдардың айтуы бойынша ең қарапайым деңгейді меңгеру үшін сол тілдің бастапқы 500-700 сөзін білу керек екен. Ал ол қандай сөздер болуы керек ол жөнінде ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Е.Тілешовтің лексикалық минимумға сөз іріктеудің 7 қағидаты бойынша пікіріне шолу жасайық. Біріншіден, әрбір тіл өзінің семантикалық жағынан белсенді лексиканы қалыптастырады. Адам бір тілде сөйлеп ойын білдіру үшін соған орай сөздерді таңдайды. Яғни, сөздердің семантикалық мәні алдыңғы қатарға шығады. Мұны сөз таңдаудың семантикалық құндылық қағидаты делік: екіншіден, әрбір тілдің өз табиғатына сай тіркесу заңдылықтары болады, демек, бұл арада біз сөздердің өзара байланысу ретіне мән беруіміз керек. Оны сөздердің тіркесу қағидаты дейміз; үшіншіден, бастапқы деңгейде тіл үйретуде ауыспалы мағынадағы сөздердің, архаизмдердің, неологизмдердің, терминдердің, диалектілердің алынбағаны жөн. Яғни, баршаға әсіресе өзге тілді тіл үйренушіге біз номиналды мағынадағы сөздерді ұсынамыз. Осыны тура мағыналы сөздерді ғана таңдау қағидаты деп атаймыз; төртіншіден, белсенді лексика, әлбетте, күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын сөздерден тұрады. Мұны сөз қолданудың жиілік қағидаты деп атадық; бесіншіден, тілдің сөзжасамдық арсеналы да ескерілуі тиіс, өйткені әрбір тілдің сөзжасамдық ерекшеліктері бар. Мұны сөзжасам мүмкіндігі қағидаты деп атаған жөн; алтыншыдан, күнделікті өмірде адам әйтеуір бір ортада әрекет етеді, соған орай, сөз таңдаудың тақырыптық қағидаты шығады; жетіншіден, тілдегі жекелеген сөздер тіркесуі және сөйлемге айналып қажетті ойды білдіруі үшін грамматикалық минимум да қажет. Сондықтан сөз іріктеуде грамматикалық қағидатта ескерілгені жөн – деп қазақ тілін үйрету деңгейлеріне арналған лексикалық минимумдарды анықтаудың тетігін санамалап көрсетеді [17, 273-275]. Егер тіліміздегі басты лексикалық минимумдар қатарын анықтап алатын болсақ, онда ол салалық мамандардың мәселен, көлік саласына, мәдениет саласына, медицина саласына, жергілікті әкімдіктерге және тағы басқа да саны белгілі департаменттер мен басқармалардың өз лексикасы, өз терминдері, өздерінің ішінде айналыста жүретін ісқағаз үлгілері, синтаксистік стандарттар сияқты белгілердің төл әдістемеміздің орнығуына ықпал етеді.

Сонымен қатар ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты Н.Төленбергенова мемлекеттік қызметшілердің көпшілік алдында сөз сөйлеу құзыреттіліктерін жетілдіруде монологтарды қолдану, мәтінді оқуды орфоэпиялық нормаға сай оқыту (дауысты, дауыссыз дыбыстардың орфоэпиялық оқылымын меңгерту), мәтінді абзацтарға бөліп, әр абзацты бір сөйлеммен мазмұндауды игерту, мәтін бойынша көзқарасты білдіруге икемдеу, т.б. дағдыларға көңіл бөледі [18, 250].

Қай тілді болсын үйретудің басты мақсаты тіл үйренушінің қатысымдық құзіретін қалыптастыру. Ол үшін тіл үйрету әдістемесінің ең бірінші міндеті тіл үйренуші топқа немесе жеке адамға оның сол тілдегі тіл білу деңгейін ескеріп, кәсіби қажеттілігіне қарай монологты-талдамалы электронды анықтағыштар

дайындау қажет. Мұндай анықтағыштар жазу, сөйлеу әрекеттеріне негізделіп, әрбір сыныпқа немесе топқа лайықталады. Сөйлеу, жазу дағдыларын іріктеу және ұсынудың мұндай тәжірибесі халықаралық әдістемеді кеңінен таралған. Сондай-ақ, тіл үйренушіге ұсынылатын тілдік дағдыларды игертудің әдістемелік тәсілдері таңдалынуы керек. Қазіргі кезде тілдерді үйретудің көптеген әдістері кеңінен қолданылуда. Оларды қазақ тілін үйренушінің жасына, кәсібіне және мақсатына байланысты қолдануға болады. Халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістер балаларға, ересектерге және шетелдіктерге арналған тілді игерудің әртүрлі мазмұнын қамтып, соларға лайықталған. Оларды қазақ тілін үйренуде де жасына, кәсібіне, деңгейіне орай қолдануға болады. Төменде қазақ тілін қолдану дағдылары бойынша қажетті төмендегідей әдістер беріледі:

1. Коммуникативті әдіс. Бұл әдіс бойынша тіл үйренушілер әрбір сабақта өмірлік жағдаяттарға байланысты тапсырмалар орындайды. Бұл тапсырмалар негізінен айтылымға құрылып, оқытушы мен тіл үйренушілердің арасындағы диалогтар түріне құрылады. Әсіресе, әр сабаққа ұсынылған лексикалық минимумдар бойынша тіл үйренушілер өзара әңгіме жүргізеді. Тілдік мазмұнның күнделікті өмірлік жағдаяттарға құрылуы, тіл үйренушілердің сөйлесім әрекетіне бейімделуі бұл әдістің тиімділігін арттырады.

2. Аудио-лингвалды әдіс. Бұл әдіс адамның сөйлеу кезіндегі мінезі мен психологиясына негізделген. Осыдан өрістеп, күнделікті тұрмыстағы ауызекі лексикаға құрылған бұл әдіс бойынша көлемі шағын, бірақ өте маңызды жиі қолданылатын тілдік бірліктер ұсынылады. Олар бірнеше рет қайталану арқылы игеріледі. Бұл әдіс бойынша тіл үйрету ауызша құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Игерілген материалдарды қолдануда интонацияға, сөздің ырғағына мән беріледі.

3. Аудио-визуалды әдіс. Бұл әдісте тіл үйренушілерді ауызекі сөйлеу лексикасын меңгертуге бағытталған. Тіл үйрету адамның визуалды қабілетіне негізделіп, көзбен көрініп тұрған нәрселерді, құбылыстарды сипаттап беруге арналған. Соған орай, қажетті лексикалық материалдар ұсынылады. Оның негізінде көрнекіліктер басымдыққа ие болады. Соған орай, әртүрлі суреттер, оларға қоса қазіргі компьютерлік технология дәуірінде жағдаяттық роликтер жиі қолданылады.

4. Саналы-салғастырмалы әдіс. Бұл әдіс бойынша тіл құбылысы үш мәнде қарастырылады:

1. Тіл – сөйлеу актісі ретінде беріліп, айтылым және оны түсіну үдерісі назарға алынады.

2. Тіл – сөйлеудің белгілі бір өңделген тәжірибелері бар мазмұнды қор ретінде қарастырылады.

3. Тіл – өңделмеген лингвистикалық тәжірибе ретінде алынып, оны қолданудың әдістері дәйектеледі. Тіл үйретуші үйренушіні тілдік материалдарды игеру арқылы сөйлеу деңгейіне жеткізу керек. Яғни белгілі бір

тілдегі сөздік қор орайына және қажетіне қарай үйренушінің сөйлеу қорына айналуы керек.

5. Саналы-практикалық әдіс. Негізінен жоғары оқу орындарында оқитын тіл үйренуші студенттерге арналған. Бұл әдіс мынадай ерекшеліктерге құрылған:

- 1) ана тілі мен үйретілетін тілдің ерекшеліктері ескеріледі;
- 2) сөйлеудің минималды бірлігі ретінде сөйлемнің мағыналық мәніне негізделеді;
- 3) тілдік бірліктер коммуникативті күзиреттілікке құрылып, соған тиісті ғана көлем ұсынылады;
- 4) грамматикалық материалдардың практикалық мәні ескеріліп, қажетті тілдік бірліктерге концентрация жасалады;
- 5) оқу материалдарын ұсынуда олардың функционалдығына айрықша мән беріледі;
- 6) грамматика бойынша материалдар олардың семантика-құрылымдық мәніне қарай модельдер арқылы ұсынылады; 7) әдістің практикалық мақсатына орай ұсынылатын барлық материалдар прагматизмге құрылады.

6. Лингвомәдени әдіс.

Бұл әдіс тіл үйрету әдістемесінде кеңінен қолданылады. Оның негізгі мақсаты – тілдік мәдениетті, сол арқылы сол халықтың дәстүрін, мінезін, жалпы өмірін білу. Тіл үйренудегі лингвомәдени мазмұн сол халықтың ойлау және сөйлеу ерекшелігін танумен байланысты болып тіл үйренушінің жаңа тілдік әлемге енуіне үлкен ықпал етеді.

7. Модульді үйрету әдісі.

Бұл әдіс бойынша үйретілетін тілдік материал мақсатына және мазмұнына орай дидактикалық модульдерге топтастырылып ұсынылады. Әр модульдің тақырыбы, лексикасы, грамматикасы, соларға байланысты жаттығулары мен тапсырмалары болады. Модульдер арасында тіл үйренушінің коммуникативті күзиретіне негізделген сабақтастық сақталады.

Жоғарыда тіл үйретудің қазіргі негізгі әдістері ұсынылды. Оларға қоса, авторлық және интенсивті әдістер бар.

Жалпы бүгінгі ересек жазарманның құралы – қалам десек, ал тіл үйренушінің негізгі құралы – оқулық деп айтуға негіз бар. Бүгінгі күні мемлекеттік тіл оқыту орталықтарында әдістемелік тұрғыдан ересек адамдарға тілді үйретудің сапалық деңгейінің артуына кедергі келтіріп отырғаны оқулықтардың ішкі мазмұны болып отыр. Өйткені оқу-әдістемелік құралдардың ішкі лексикалық минимумға құрылған ба, ішінде мемлекеттік қызметшіге қажетті материалдар жеткілікті ме немесе тапсырмалар өңірлік жағдайға сәйкес келе ме деген сынды сұрақтарға жауап берілмей келе жатыр. Біз бұл ғылыми-зерттеу жұмысымызда қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтарға лингвистикалық, әдістемелік сараптама жұмыстарын жүргіздік.

Сонымен қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтарға 6 бағыт бойынша талдау жұмыстары жүргізілді. Олар: қарапайым деңгей, деңгейлік оқулықтар, ересек адамдарға, жоғары оқу орындарына, балаларға арналған оқулықтар

және заманауи онлайн-платформалар. Алдымен 88-ге жуық оқыту құралдарының әдістемесі, контенттері, яғни лексикалық-грамматикалық тақырыптары мен минимумдарын, тапсырмалар мен жаттығуларды ұсыну әдіс-тәсілдері зерделенді. Осы талданған оқыту құралдарының ішінен тиімділері және жаңа технологияларға сәйкес келетін 15-і іріктеліп алынды.

Оқыту құралдарында нәтижеге бағытталған оқытудың әдістемелік қағидаттары басшылыққа алынғаны анықталды: сөйлеуге негізделген және сөйлеуді жетілдіру қағидаты, кешенділік қағидаты, ана тілінің ерекшелігін басшылыққа алу қағидаты, ақпаратты жалпы (интуитивті) қабылдау қағидаты (принцип синтетичности усвоения), жаттығуларды коммуникативтік әрекеттерге бағыттау қағидаты, оқытудың мақсаты мен әдістерінің әртүрлілігі және біртұтастығы, функционалдық қағидат, өзара сабақтастыру қағидаты (саналы және автоматтандырылған әрекет, жаттап алу және шығармашылық әрекеті, еркін және бағыттау әрекеті, ерікті және еріксіз әрекет), аппроксимация қағидаты (дұрыс дыбыстауға жақындату).

Жоғарыда көрсетілген оқытудың әдістемелік қағидаттарының әрқайсысының өз атқаратын функциялары бар. Солардың негізгілері мыналар:

- Коммуникативті қағидат бойынша тіл үйренуші күнделікті сөйлесім әрекетіне бағытталған қажетті лексиканы және оны жасауға қатысатын грамматикалық формаларды меңгереді. Сөйлесім әрекеті қарапайым сөз тіркестерінен бастап, ойын толық жеткізу үшін қолданатын диалогтарға, мәтіндерге құрылады. Тіл үйренуші өзі, ортасы туралы қажетті лексикалық және грамматикалық минимумдарды сөйлеу әрекетінің: оқылым, айтылым, жазу, тыңдау сияқты түрлері арқылы меңгереді.

- Тілдік қағидат негізінде тіл үйренуші тілдік материалдардың өзін игереді. Оған қажетті лексикалық, фразеологиялық бірліктер және сөз тіркестерін, сөйлем құрауға қажетті грамматикалық нормалар енеді.

- Жүйелілік қағидаты негізінде тіл үйренуші алдымен күнделікті сөйлесімде қажетті лексикалық минимумдарды әр саты, деңгей бойынша меңгереді. Мұнда оңайдан күрделіге қарай қағидаты ескеріледі. Сол арқылы тіл үйренуші өзінің сөздік қорын қалыптастырады.

- Мәдениетаралық когнитивті қағидат негізінде тіл үйренуші қазақ елін, қоғамын және мәдениетін қазақ тілі арқылы қабылдап, оның осы тілдегі ойлау қабілеті, танымы, яғни когнитивті бейімі қалыптасады. Бұл оның реалды өмірді қазақ тілі арқылы қабылдауын күшейтіп, тіл үйренуіне оң ықпал етеді.

- Компотентті қағидат арқылы тіл үйренуші қазақ тілін меңгеру арқылы оның қоғамдағы тұлғалық мәртебесі артады. Қазақтілді ортада коммуникацияға барып, сол ортаның тең құқылы мүшесі екенін сезінеді. Қазақтар өзінің ана тілді ортасына, этнос өкілдері мемлекеттік тілдегі ортаға кірігеді. Бұл Қазақстанның тілдік тұтастығын қалыптастырады.

Аталған қағидаттар негізінде әзірленген оқулықтарды сараптау барысында төмендегідей қорытындыға келдік:

Қарапайым деңгей. Облыстық тілдерді оқыту орталықтарының ішінен Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының «Тіл үйренушілерге

арналған кеспе карточкалар» және «Диктанттар мен мазмұндамалар» жинағы заманауи әдіс-тәсілдерге, яғни «Лейтнер әдісі» негізінде (Leitner system) құрылған. Жағдаяттық әдіс арқылы сұрақ қою, сұраққа жауап беру, диалогқа оңай түсу жолдарымен тіл меңгертіледі. Оқыту материалдары коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталады. Бұны қазақ тілінде сөйлеуге үйрететін қосымша әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады.

Деңгейлік оқу құралдары

Казтест дайындаған бесдеңгейлік «Қазақ тілі» кешенінің контентін құрастыруда деңгейлік оқыту әдістемесі және аудиовизуалды әдіс басшылыққа алынған. CD-дискіге жазылған тыңдалым тапсырмаларымен (диалог, полилог, мәтіндер) және иллюстративтік материалдың ұтымды берілуімен ерекшеленді. Бұндай тапсырмалардың сөйлеу әрекеті дағдыларын қалыптастыруда тиімділігі жоғары екендігі анық.

Қазақ сөзі 500, 900, 1200, 1500 сөз оқу-әдістемелік құралында коммуникативті оқыту, лингвоәлеуметтік-мәдени және тікелей оқыту әдістері басшылыққа алынған. Коммуникацияда жиі қолданылатын лексикалық және грамматикалық минимум жүйелілік, бірізділік принципімен берілген. Қазақ тілінің жиі қолданылатын 500, 900, 1200, 1500 сөзі сурет және анимациялық әдістермен үйретіледі. Қайталау және аударма әдістерінің көмегімен жазу тапсырмаларын орындап, білімдерін бекіту үшін ұтымды жаттығулар ұсынылады.

«Қазақ тілі» бесдеңгейлік ЖОО-ға арналған оқу құралы деңгейлік оқыту технологиясына құрылған. Үлгілік бағдарламаға сәйкес дайындалған. Грамматикалық тақырып жағдаятпен сәйкестендіріліп, модельдеу әдісімен оқытылды. Сабақтың қосымша материалдары аудиовизуалды әдістерге құрылған.

З.С. Күзекованың «Қазақ тілі» іскери әлемге, С1 жоғары деңгейге арналған оқулығы әдістеме тұрғысынан сауатты жазылған, тиімділігі жоғары еңбек. Іскери әлемге қатысты мәтіндер эксплицитті әдістердің бірі – дедукция әдісі (мәтінді – сөйлем – сөзді) және проблемалық-ізденіс әдістері басшылыққа алынған. Тіл үйренушінің қызығушылығын арттырып, тілді үйренуге деген ынтасын оятады. Оқулықтың «Жаттығулар» жинағында грамматика мен сұхбат үлгілері имплицитті әдістердің бірі – құрылымдық модельдеу әдісімен үйретіледі [19].

Н.Т.Төленбергенованың «Іскерлік қазақ тілі» еңбегін атап өту керек [20]. Сонымен қатар Қ.Ө. Айтмұхаметованың «Сөз мәдениеті және шешендік өнер» атты оқулықтары ересек аудиторияның жазу, көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын жетілдіруге арналған [21].

Балаларға арналған оқу құралдары бойынша, Kaz-tili.kz сайтында қазақ тілінің грамматикасы өлеңдер, ертегілер, қысқаша әңгімелер арқылы үйретіледі, оқыту контенті қабылдауға жеңіл, есте сақтауға оңай. Сайт оқытудың онлайн технологиясына негізделеді, күнделікті жаңартылып, толықтырылып отырады. Ұсыныс-тілектер айдары арқылы ескертулер қалдыруға болады. Ж.А.Тұрлыбекованың «Суретті қазақ тілі» оқу құралында

визуалды әдіс басшылыққа алынған қазақ тілі суреттер арқылы меңгертіледі. Мәтіндер және белсенді сөздер ұсынылады. «Сұхбаттасайық», «Жаттаймыз», «Жаттығамыз» деген бөлімдеріндегі жаттығулар тілді жылдам меңгеруге көмектеседі [22].

Онлайн оқыту платформалары бойынша

«Soyle.kz» – қазақ тілін онлайн оқытуға арналған курс. Оқыту контенті қазақ-орыс, қазақ-ағылшын, қазақ-түрік тілдерінде ұсынылған. Сөйлеу тілді дамыту мақсаты көзделеді. Оқытудың дәстүрлі әдістері мен заманауи технологиялары (коммуникативті, аудиовизуалды, геймификация) қатар қолданылады. Етістік формаларын (есімді, естістікті тіркестер, фразалар, дайын конструкциялар) оқытуға ерекше назар аударылады. Балаларға арналған оқыту контенті және «Сөздік», «Сөйлейміз», «Оқимыз», «Жазамыз», «Көреміз», «Тағы да» деп аталатын қосымша оқыту контенті бар [23].

«Абай институты» порталының «Қазақша үйрену» вэб-қосымшасы тіл үйренушінің сөздік қорын қалыптастыру арқылы қазақша сөйлеуге үйретеді. Эксплицитті әдістердің бірі индукция әдісі (әріп/дыбыс – сөз - сөз тіркесі - сөйлем) басшылыққа алынған. Коммуникацияда жиі қолданылатын лексикалық және грамматикалық минимумдар арқылы оқытылады. Оқыту контенті қазақ-орыс, қазақ-ағылшын, қазақ-француз, қазақ-түрік, қазақ-неміс, қазақ-парсы тілдерінде ұсынылады. Анимациялық элементтер мен виртуалды тапсырмалар беріледі. iOS және Play Маркет мобильді қосымшалары арқылы жүктеуге болады.

«Tilqural» қазақ тілін оқыту порталы 5 деңгейге арналып оқытудың онлайн технологияларына құрылған. Оқыту порталының «Мәтіндер», «Бейнефильмдер», «Сөздік», «Фразалар», «Оқулықтар» деп аталатын веб-қосымшалары бар. Қазақ тілін латын әліпбиімен оқытатын қосымша оқыту контенті бар. Тіл үйретуші осы порталда тіл үйренушілермен байланыс орнату үшін жеке кабинет ашып, өзінің оқыту контентін әзірлей алатын қызметі бар [24].

Қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтарды сараптаудағы негізгі мақсатымыз – әдістемелік оқулықтардың құрылымын анықтау. Жалпы оқулықтың құрылымы сөйлеу әрекетіне бейімделіп дайындалатындықтан, онда қазақ тіліндегі грамматикалық формалардың жиынтығы қамтылмайды, керісінше күнделікті ауызекі тілде кездесетін сөйленім үлгілері, яғни сөйленім модельдері кездеседі. Фонетика саласының материалы ретінде қазақ тіліне тән төл дыбыстар, лексика саласының материалы ретінде тілімізге тән төл сөздер, синтаксистік материал ретінде жай сөйлем үлгілері берілуі қажет. Бүгінгі оқулықтарда кететін басты қателіктер әсіресе синтаксистік материал ретінде танылатын жай сөйлем үлгілерінен гөрі, құрмалас сөйлем модельдері жиі кездеседі. Кейбір оқулықтарда берілген мәтіндердің деңгейі ұсынылған оқулық деңгейімен сәйкес келмей жататын тұстары да болады. Мәселен, С1 деңгейіне сәйкес келетін мәтін құрылымы В2 деңгейіне арналған оқулықта болмаса А1 деңгейінің мәтіні С2 деңгейіне тән оқулық ішіне орынсыз берілетіндерін айтуымыз керек. Жалпы мұндай әдістемелік оқулықтарды ғылыми жағынан

зерттеу, сараптау жұмыстарын жүргізетін сараптамалық комиссияның жұмысы жанданып, талаптары күшейтілу керек деп ойлаймыз.

Ендігі кезекте мемлекеттік тіл оқыту орталықтарындағы оқытушылардың кадрлық әлеуеті. Жалпы тіл оқыту орталықтарындағы бүгінгі күні басты проблема – білікті оқытушыларды қызметке тарту және нәтижелі жұмыс болу үшін ол мамандарға қажетті жағдай жасалу керек. Өйткені ұстаз Ыбырай Алтынсарин «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп баға берсе, осы тұрғыдан бізде тіл оқыту орталықтарының жүрегі – оқытушылар деп көрсетер едік. Олай дейтін себебіміз ересек аудиторияның тілдік құзіреттілігінің артуы оқытушының біліктілігіне байланысты. Жалпы тіл оқыту орталықтарында оқытушылар негізгі 2 категория бойынша қызмет етеді. Оның бірі – сол орталықта тұрақты негізде жұмыс істейтін және жоспарлы түрдегі оқу, оқу-әдістемелік жүктемені орындайтын штаттағы оқытушылар, екіншісі – келісімшарт негізінде жұмыс істейтін, белгілі бір анықталған оқу жүктемесі, оқу-әдістемелік жауапкершілігі жоқ, «уақытша» штаттан тыс оқытушылар. Мемлекеттік орталықтар арасында мүлдем штаттық оқытушылары жоқ орталықтар да, сабақты тек штаттағы оқытушылар ғана жүргізетін орталықтар да бар. Тіпті соңғыларының құрамында 18-20 адамға дейін жұмыс істейді. Жалпы тіл оқыту орталықтарындағы штаттық және штаттан тыс оқытушылар құрамының саны мемлекеттік тапсырыстың көлеміне, тіл орталығының бюджетіне және жергілікті билік тарапынан бөлінетін қаржыландыруларға тікелей байланысты. Жоғары білікті оқытушы тіл саясаты мен сол саясат бағытталған тұлғалардың арасындағы байланыстырушы көпір болып табылады. Мұндай оқытушыны қалыптастыру бір күнінің немесе бір айдың тіпті бір жылдың жұмысы емес, мұның бірінші қадамы әсіресе, жергілікті ересек тұрғындарды оқытатын оқытушылар құрамының кәсіби және қоғамдық ортадағы мәртебесін анықтау болып табылады. Ол үшін төмендегідей негізгі міндеттерді қолға алу керек:

Мемлекеттік тіл оқыту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Тіл орталықтарына басшылық жасауды мемлекеттік аттестациядан өткен, беделді білім беру мекемелеріне беру қажет. Мысалы: оқушылардың тілдік деңгейін көтеретін орталықтар Назарбаев зияткерлік мектептеріне, ЖОО облыс орталықтарындағы сертификатталған университеттерге берілуі тиіс сияқты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ауызша, жазбаша тілдік құзыреттіліктері МБА-да жетілдіреді. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметтеріне қажетті ресми-іскерлік стильдің жазылымы мен сөйлеуін игертетін курс, семинарлар өте көп. Осы тәжірибені барлық Тіл орталықтарына қолдану қажет.

- Біріншіден, бұл оқытушылардың мәртебесін көтеруге бағыттайды. Яғни, тіл оқыту орталықтары оқытушыларының мәртебесі білім беру мекемесі оқытушыларының мәртебесімен теңестіріледі. Мұндай қадам Тіл орталықтардағы ұжымның тұрақтануына мүмкіндік береді. Сонда озық технология арқылы білім алып жатқан жас мамандардың да тіл орталықтарда жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады.

- Екінші, білім беру мекемесінің бюджеті Тіл орталықтарына қарағанда ондаған есе жоғары. Бұл Орталықтардың материалдық-техникалық базасын жасақтауға негіз болады. Бірде бір облыстық немесе қалалық мемлекеттік орталықтардың өзінің жеке ғимараты жоқ. Бүгінде елімізде білім беру жүйесі індет салдарынан қашықтықтан оқыту жүйесіне жаппай көшірілді. Қашықтықтан оқыту жүйесінің сапалы болуы интернет желілеріне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде, кейбір өңірлік Тіл орталықтарына қарасты аудандық орталықтарда интернет-байланыстары мен оларға деген қолжетімділік жағы шектеулі болып жатады. Интернет желісінің болмауы бұл бір жағынан білім сапасының көрсеткішісін төмендетсе, екіншіден аудандық, өңірлік Тіл орталықтарының құрылымы, олардың атқаратын жұмыстары туралы ақпараттардың жинақталған қоры, яғни веб-сайттары жоқ. Бұл жергілікті тұрғындардың тілді оқып-үйренуге, меңгеруіне кері әсерін тигізеді.

- Үшінші, Тіл оқыту орталықтарының әдіскерлері мен білім беру мекеме әдіскерлерінің үнемі байланыста болуына мүмкіндік береді. Бүгінде қазақ тілінің оқыту әдістемесінің жетілдірілмеуі осындай әдіскерлердің бірізді технологияны қолданбауынан. Яғни әдіскерлер арасында ешқандай тәжірибе алмасу жүргізілмейді. Білім беру мекеме әдіскерлері өз бағдарламаларымен, Тіл орталықтарының әдіскерлері 2011 жылдан Казтест жүйесі әзірлеген оқыту кешендерімен оқытады. Жалпы бүлдіршіндерге, оқушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, мемлекеттік қызметшілерге, қызмет көрсету саласына, шетелдік азаматтарға, ересек адамдарға олардың қазақ тілін білу деңгейіне орай тіл үйретудің белгілі бірізді бағдарламалар кешені болуы тиіс. Ол тікелей тіл үйрету әдістемесімен де, жас ерекшелігімен де байланысты. Бүгінгі күнге дейін қазақ тілін оқытудың стилистикалық ерекшеліктеріне, кәсіби оқыту жүйесіне көңіл бөлінбейді. Мемлекеттік тілді үйренудің осындай ортақ жүйесі болмауына байланысты кейбір оқулық материалдары мектепте де, ЖОО-да да, мемлекеттік қызметте де қайталанатын. Егер тіл оқыту әдіскерлері мен білім беру мекемелерінің әдіскерлері қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша бірізді стилистикалық ерекшеліктері айқындалған бағдарламаларды қолданса, сонда ғана ересек адамдар тілдік құзыреттіліктерін қажеттілігіне қарай дамыта алады. Сондықтан Тіл оқыту орталықтарының тілді оқыту әдістемесін Мемлекеттік бағдарламаның индикаторлары арқылы есептемей, білім беру мекемелердің қызметімен бірге көрсету қажет.

Жалпы тіл үйретуде мектеп пен жоғары оқу орындарының маңызы ерекше. Өйткені адам балалық және жастық кезеңінде тілді меңгермесе, есейген шақта қиындай түседі. Сондықтан қазақ тілін мектеп пен жоғары оқу орындарында сапалы түрде үйретілсе, бұл болашақ маманның мемлекеттік қызметші статусына лайықты екендігі көрсетеді, әрі еліне, тіліне адал қызмет етуге, мемлекеттік тілдің мәртбесін арттыруға негіз болады. Ал өңірлік тіл оқыту орталықтары мемлекеттік қызметшілерге және қызмет көрсету мекемелерінің қызметкерлеріне тілді тек кәсіби қазақ тілі ретінде деңгейлеп оқытылса, онда мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің қолданысы кеңейіп, сұранысқа ие болар еді. Қоғам бүгінде тіл оқыту орталықтарының ересектер аудиторияны оқытудағы

білім сапасына көңілі толмай, соның салдарынан кейбір өңірлерде тіл оқыту орталығына сұраныстар күрт төмендеп бара жатыр. Біздің ойымызша, оған басты себеп оқытушылардың қостілділікті қатар меңгермеуінде. Яғни тіл үйрену курсына баратын қатысушылардың басым көпшілігі қазақ ұлтының азаматы болғанымен, ауызекі тілде негізгі жұмсалатын тілі орыс тілі болған соң, осыған орай оқытушылардың тілдік білімі қатысушылардың деңгейінен жоғары не бірдей деңгейде болу қажет. Біздегі өңірлік орталықтардағы оқытушылардың басым көпшілігі «қазақ тілі мен әдебиетінің» мамандары болмаса мүлдем тілге қатысы жоқ басқа сала мамандары болып шығады. Кез келген тіл үйренушіге үйренетін тілін өзінің қолданысындағы тілімен салыстырылып оқытылса, бұл қатысушының тілді үйренуге деген ынтасын ашады. Тіл оқыту орталықтарының жүйесінде тіл салыстырмалы грамматикасы негізінде меңгерілмейді, тек қазақ тіліне басымдық беріледі. Ал мұндай жүйе оқытушы мен үйренушінің арасындағы байланысты нығайтпайды, керісінше алшақтады. Орыстілді азаматтардың тілді түсінемін, бірақ сөйлей алмаймын деуілерінің себебі онымен коммуникацияға түсетін маманның жоқтығынан. Сол себепті мұндай жағдайда билингвист кадрлар дайындауға ерекше мән берілуі қажет.

Жалпы қандай да бір тілді оқу тілі ретінде таңдау туралы мәліметтерге көз жүгіртсек, тыңдаушылардың нарық талабына сәйкес келетін тілдерді таңдайтындығын байқаймыз. Бұл дегеніміз бүгінгі тіл тұтынушының өзіндік бұлтартпас уәжі бар және ол негізсіз еместігі. Демек, қандай да бір тілге таңдаудың көп болуы қазіргі күні нарық заңына сәйкес болып отыр. Шетелге оқуға бару (мәселен, «Болашақ» бағдарламасы бойынша), әртүрлі туристік сапарлар, сонымен қатар жалақысы жоғары сұраныстағы жұмысқа орналасу мүмкіндігі т.б. бойынша жастар болсын, қажеттілігіне қарай ересектер де ағылшын тілін оқуға ден қоюда. Ал біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тіліне деген сұраныстың әлі де болса баяу екенін ашық айту керек. Сұраныс болмаған жерде, талаптың да орын алмауы заңды. Қарап отырсақ, жалпы кез келген азамат, мемлекеттік қызметші болсын, жеке тұлға болсын қазақ тілін үйренемін десе, жол ашық, мемлекет тарапынан барынша жағдай жасалған. Алайда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейгенін, тілді өз бетінше меңгергісі келетін жеке тұлғалардың көбейіп жатқанын көрмейміз. Неге, қазақ тілі кімге керек, оны екінші шет тілі ретінде меңгертуге не кедергі міне осындай өзекті мәселелердің шешімін табу мақсатында біз еліміздегі әртүрлі сала мамандары арасынан әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Сауалнаманы жүргізудегі мақсат – мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін анықтау болды. Сауалнамаға қатысушылардың берген жауаптарынан олардың тілді үйренуге, оны оқып-білуге деген қызығушылықтарының төмен екенін байқадық. Сонымен сауалнамаға 100-ге жуық респондент қатысты. Сауалнаманы электронды түрде екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) жүргіздік. 10 сұрақтан тұрады.

Алғашқы сұрағымыз «Қазақстан азаматы ретінде қазақ тілін білу міндетім деп ойлайсыз ба?» деп қойылды. Бұл сұраққа қатысушылардың 82%-ы әрине,

12%-ы міндетті емеспін, 6%-ы қазақ тілінде сөйлегім келеді, бірақ қиын деп жауап берген. Бұл жерде еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің басым қазақ тілін білуді міндет деп санауы өте қуантарлық көрсеткіш болып отыр. Ал қиын деген жауап – жоғарыда көрсеткен проблемамыздың бірі, яғни әдістемелік базаны жетілдіруді қажет ететінін дәлелдеп отыр (1-сурет)

Келесі сұрақ «Қазақ тілінде сөйлеуіңізге не кедергі?», қатысушылардың 28%-ы орысша сөйлеген ыңғайлы, 8%-ы қазақ тілін жақсы түсінемін, бірақ сөйлеу қиын деп, қалған 8%-ы үйрене алмадым деп жауап берген. Бұл жерде орысша сөйлеп қалыптасып қалған адамдарға мемлекеттік тілде сөйлеуге мұқтаждықтың болмауы әсер етіп отыр деп ойлаймыз.

Ісқағаздарының қосымша орыс тілінде жүргізілгені дұрыс па? деген сұраққа қатысушылардың 45%-ы екі тілде болғаны ыңғайлы деп жауап берсе, 39%-ы жоқ, қазақ тілінде болғаны жөн дегенді, қалған 16%-ы әрине солай болғаны дұрыс деп санайды. Бұл жердегі жауаптың өзара алшақтығының болмауы, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының тарлығын тағы да дәлелдеп отыр.

Келесі сұрақ сіз жұмыс орныңызда қай тілді көбірек қолданасыз? дегенге қатысушылардың 37%-ы орыс тілін көрсетсе, 34%-ы аралас деп, 29%-ы қазақ тілі деп көрсеткен. Егер аралас тілде сөйлеймін деген жауапты екіге теңдей бөліп, оның жартысын орыс тілін пайдаланушылардың үстемдігіне берсек, қалған жартысын қазақ тілін пайдаланатындардың үстемдігіне беретін болсақ, бәрібір орыс тілінің сұранысқа басым екеніне көз жеткізуге болады.

Келесі «Сіз қазақша сөйлеген кісімен қазақша байланыс құра аласыз ба?» деген сұраққа қатысушылардың 90%-ы иә, тырысамын десе, 6%-ы жоқ орысша жауап беремін, 4%-ы қазақша білмеймін деп жауап берген. Бұл көрсеткіштің тұрғындардың қазақ тіліне көзқарасы мен құрметінің артып келе жатқандығын көрсетіп отыр деп ойлаймыз.

«Қалалық жерде орыс тілінің кең қолданылу себебі неде» деген сұраққа қатысушылардың 47%-ы халық орысша сөйлегенді ыңғайлы санайтындықтан деп жауап берсе, қалған 53%-ы қазақ тілі міндеттелмейтіндіктен деп жауап берген. Міне, бұл жерде мемлекеттік тілді әлі де көп адамдардың үйренбей жатқандығының басты себебі міндеттеуші заңның жоқтығы екенін айқындап тұр.

Келесі «Әлеуметтік желі, іздеу операторларында (инстаграм, фейсбук) қай тілде мәліметті оқыған (іздеу, жариялау) ыңғайлы деген сұраққа қатысушылардың 47%-ы орысша, себебі орысша жақсы түсінемін деген, 27%-ы қазақша материал табу қиын деген, 26%-ы қазақша, себебі қазақша жақсы түсінемін деген жауапты белгілеген. Бұл жерде тағы сол салалық лексикалық минимум қалыптастырудың маңызын айқындап отыр деп есептейміз. Себебі кез-келген саланың қазақ тіліндегі лексикалық минимумы бекітілген жағдайда сол сала бойынша материалдар сәйкесінше көбейетін болады.

Ең өзекті де, маңызды сұрақтардың бірі «Сізге біреу қазақ тілін тегін үйретемін десе, жақсы деңгейге жеткенше үйренер ме едіңіз» деп қойылды. Бұл сұраққа қатысушылардың 43%-ы әрине, ондай мүмкіндік болса деген жауапты

таңдаса, 40%-ы қажет емес деген жауапты, 11%-ы ойланамын, 6%-ы уақытым жоқ деген жауаптарды белгілеген.

Бұл жердегі 40% қажет емес деп жауап берген респонденттермен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ міндеттеу заңдарын қабылдау арқылы оң нәтижеге қол жеткізетін боламыз. Ең соңғы сұрағымыз «Қазақстанда қазақ тілін оқыту методикасы жайлы ойыңыз» қандай деген. Аталған сұраққа қатысушылардың 49%-ы әлі дамытуды қажет етеді десе, 18%-ы жақсы дамып келе жатыр, 15%-ы тиімсіз, 12%-ы тиімді, 6%-ы тым қарапайым деп жауап берген. Осы жауаптар зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін айқындап отыр деп есептеймін [25]



1-сурет. «Мемлекеттік тілді білу міндет» деп санайтындар көрсеткіші.
Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.

Қарап отырсақ, сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігінің орыстілді азаматтар екенін және берген жауаптарынан қазақ тіліне деген қызығушылықтарының төмен екенін байқауға болады. Бұл дегеніміз еліміздегі тіл оқыту орталықтарында тілді оқып-үйренуге келетіндердің басым көпшілігі тілді тек саяси мақсатта ғана үйренеді. Яғни, Орталыққа келушілердің басым көпшілігі қазақ тілін жетік меңгерген деген сертификатты алуға, қандай да бір қызметке көтерілу мақсатында ғана біліп шығады. Бұдан шығатын қорытынды қоғамның қазақ тіліне деген сұранысы қандай да бір аралық кезеңнен өту мақсатында ғана жүзеге асады. Еліміздегі тіл оқыту орталықтарының қай-қайсысын алып қарасаңыздар, ондағы қатысушылардың басым көпшілігі сол тілдің азаматы екенін байқайсыздар. Яғни, біздің мемлекеттік жүйеде орыстілді қазақ азаматтарына қазақ тілі үйретіледі. Ол дегеніміз түрі бір, діні бір, бірақ тілі басқа қазаққа қазақ тілін үйрету деген сөз. Ал өзге этнос өкілдері өзін көптілді азамат ретінде көрсету мақсатында қазақ тілін қосымша үйренеді. Міне, осындай олқылықтардың салдарынан бізде қазақ тілін оқытатын әдістеме дұрыс емес, қатысушылардың тілге деген қызығушылықтарын арттыра алмайды деп бар кінәні осындай мемлекеттің тапсырмасын орындау мақсатында құрылған тіл оқыту орталықтарынан көреді. Тіл оқыту сапасын арттыру үшін, оның жоғары сұранысқа ие болуы үшін ең алдымен әрбір азаматтың қазақ тілін білуін міндеттеу керек. Яғни, қазақ тілін кез келген ортада, күн көріс тіліне айналдыру қажет. Қоғамға қазақ тілін білмесең тіршілік

ете алмайсың деп үгіт-насихат жұмыстарын кеңінен жүргізу керек. Қазақ тіліне міндет қойылмай, оның қолданысын кеңейтуге, дамытуға байланысты жолдарын іздестіру бос әурешілік деп ойлаймыз. Мәселен, бізде қазақ тілінің дұрыс оқытылмауы әдістемеге байланысты болмаса тілді оқыту әдістемесі бойынша халықаралық тәжірибелер ескерілмейді деп кінә тағып жатады. Осындай ескертулердің алдын алу мақсатында еліміздегі тіл оқыту орталықтары шетелдік ғалымдардың қатысуымен түрлі семинар, курстар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырады. Шара барысында шетелдік ғалымдар әдістемеге байланысты баяндама жасап, өз ана тілдерін озық технологиялар арқылы дұрыс оқытудың әдістемелік негізін көрсетеді. Шараға қатысушылар өзге тілді меңгерту әдістемесімен танысады, бұл еліміз үшін бір жаңалық болып табылады. Сонымен әдістемелік тұрғыдан халықаралық тәжірибелер деген түсінік осы аралықта ғана қалып қояды. Бастысы отандық және шетелдік әдіскерлер өз тәжірибелерімен бөлісті, семинар жоғары деңгейде өтті дегенмен басты көздеген мақсатымызға жете алмай қалып жатамыз. Біз бұндай шаралардың өткізілуіне қарсы емеспіз. Мұндай шаралардың да әрине пайдасы жоқ емес, бар. Дегенмен шетелдік ғалымдардың өз ана тілдерін қалайша шет тілі ретінде оқыту деңгейіне жеткізгендігін, қажеттілікке қалайша айналдырған тетіктерін таба алмай келеміз.

Сонымен қатар тіл үйрету орталықтарының жұмысына жасаған SWOT талдаманы ұсынып отырмыз (7-кесте):

Мемлекеттік тілді үйрету орталықтарының жұмысы бойынша	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Мемлекеттік тілді жүйелі негізде ұзақ мерзімде оқытады 2. Электрондық, оқу-әдістемелік құралдар кешендерін пайдаланады 3. Техникалық жабдықталған аудиторияларда сабақ өтеді 4. Онлайн форматында өту мүмкіншілігі жасалған 5. Тілдік орта қалыптастырылады 6. Жоғары білікті мамандар сабақ береді 7. Кәсіби лексикалық тұрғыда білім көкжиегі кеңейеді 8. Жұмыс барысында орталықтан алған білімді қолданады	1. Оқытушылардың тұрақсыздығы 2. Оқыту сапасының төмендігі 3. Электронды, оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі 4. Техникалық құрал-жабдықтардың жеткіліксіздігі 5. Лингофондық кабинеттердің қолданыста болмауы
Мүмкіндіктер	Қауіп-тәуекелдер
1. Білімнің қолжетімділігі 2. Кәсіби салада мемлекеттік тілде	1. Білім сапасының төмендеуі 2. Оқытудың бірыңғай

<p>іс жүргізе алу</p> <p>3. Мемлекеттік тілдегі барлық БАҚ түрлерін түсінуге қолжетімділік</p> <p>4. Қазақ тілді ортада өзін еркін сезіну</p> <p>5. Заманауи, бәсекеге қабілетті мемлекеттік қызметшілердің көбеюі</p> <p>6. Білімге басты назардың аударылуы</p>	<p>бағдарламасының,электрондық платформасының жоқтығы</p> <p>3. Тыңдаушылар санының азаюы</p>
---	---

7-кесте. Мемлекеттік тілді үйрету орталықтарының жұмысына SWOT талдау

Ескерту: Зерделенген ақпараттар негізінде жасалды

Бұл жерде тіл оқыту орталықтарының артықшылықтары мен мүмкіндіктерінің жоғары екенін байқауға болады. Сол себепті орталықтардың жұмысын одан әрі жетілдіру маңызды екені сөзсіз.

3. Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру жолдары

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде: «Тағы бір өте маңызды мәселе мемлекеттік тілді оқытудың тиімділігін барынша арттырумыз қажет. Бұл мәселеде Еуропа елдерінің тәжірибесіне назар аудару қажет. Олар тіл үйрету барысында негізінен оқу орындарындағы жастарға көбірек мән береді. Сондықтан Тіл саясаты комитетін 2021 жылдан бастап Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өткізген жөн. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесін әзірлеу және оны үйрету ісіне қатысты әлеуетімізді бір орталыққа шоғырландыруға мүмкіндік береді» деп тиісті тапсырма берген болатын [1].

Осыған орай, бүгінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Тіл саясаты комитеті Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өтті. Алайда екі мекеме бір шаңырақтың астына шоғырланғанымен, атқаратын міндеттері екі бөлек. Бұл кейбір ғылыми жұмыстардың нәтижелі орындалуына әсерін тигізбей қоймайды. Мемлекет басшысының мұндай саяси шешімі еліміздегі білім сапасы мен тіліміздің болашағына алаңдаушылық білдіргенінен деп түсінеміз. Қарап отырсақ, қазақ тілін үйрету әдістемесін әзірлейтін негізгі құзіретті орган – Білім және ғылым министрлігі болса, ал оның әдістемелік тұрғыдан үйретілуі – Тіл саясаты комитетінің құзіретінде. Тіл саясаты комитеті мұндай ауқымды жұмысты өңірлік тіл оқыту орталықтарының қатысуымен жүзеге асыратыны айтпаса да белгілі. Алайда мемлекеттік тіл оқыту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру үшін оларды – Білім басқармаларының құрамына өткізсе, бұл біраз шешімін таппай жүрген түйткілді мәселелерді шешуге негіз болар еді.

Егер мемлекеттік тілді оқыту орталықтарын Білім басқармаларына өткізгеннен не ұтамыз?

Бірінші, оқытушылардың мәртебесін көтеруге бағыттайтын еді. Яғни, тіл оқыту орталықтары оқытушыларының мәртебесі мектеп мұғалімдерінің мәртебесімен теңестіріледі. Мұндай қадам Орталықтардағы ұжымның тұрақтануына мүмкіндік береді. Бүгінде Орталық қызметкерлерінің айлық еңбектерінің көрсеткіші 43 000 мыңнан – 90 000 мың теңгеге дейін. Егер оқытушылардың еңбекақысы мектеп мұғалімдерінің орташа айлық есептерімен төленсе, онда мұндай жүйе Орталық оқытушыларын қызметін уақытша емес, тұрақтандыруға алып келеді. Сонда озық технология арқылы білім алып жатқан жас мамандардың да Орталықтарда жұмыс істеуге деген қызығушылықтары да артады.

Екінші, Білім басқармасының бюджеті Тіл басқармаларына қарағанда ондаған есе жоғары. Бұдан не ұтамыз десек, бұл Орталықтардың материалдық-техникалық базасын жасақтауға негіз болады. Еліміздегі бүкіл ғимараттың қоры осы білім басқармаларына тән. Тіл орталықтарының ғимараты негізінен түрлі заңды тұлғалармен жасасқан келісімшарттарға сәйкес жалға алынған. Ғимаратты жалға алу бағасы жалға алатын ғимарат меншігіне тікелей қатысты, олардың арасында төзімді баға да, өте жоғары бағалар да кездеседі. Бірде бір облыстық немесе қалалық мемлекеттік орталықтардың өзінің жеке ғимараты жоқ. Біздіңше, бұл бірнеше қаржылық қиындықтарды туғызады, бюджеттің көп үлесі ғимаратты жалға алуға кетеді, сондай-ақ, сол аудиторияларды жалға беруден де кіріс келтіру мүмкіндігі жоқ. Ғимарат болмаған жерде аудиториялардың жабдықталу деңгейі туралы сөз қозғағанда орынсыз болар. Бүгінде елімізде білім беру жүйесі індет салдарынан қашықтықтан оқыту жүйесіне жаппай көшірілді. Қашықтықтан оқыту жүйесінің сапалы болуы интернет желілеріне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде, кейбір өңірлік Тіл орталықтарына қарасты аудандық орталықтарда интернет-байланыстары мен оларға деген қолжетімділік жағы шектеулі болып жатады. Интернет желісінің болмауы бұл бір жағынан білім сапасының көрсеткішісін төмендетсе, екіншіден аудандық, өңірлік Тіл орталықтарының құрылымы, олардың атқаратын жұмыстары туралы ақпараттардың жинақталған қоры, яғни веб-сайттары жоқ. Бұл жергілікті тұрғындардың тілді тегін оқып-үйренуге, меңгеруіне кері әсерін тигізеді. Егер Тіл орталықтары білім басқармаларының құрылымына ауыстырылса, қоғамда мұндай жағдайларға байланысты мәселе туындамас еді.

Үшінші, Тіл оқыту орталықтарының әдіскерлері мен мектеп әдіскерлерінің үнемі байланыста болуына мүмкіндік береді. Бүгінде қазақ тілінің оқыту әдістемесінің ақсауы осындай әдіскерлердің ортақ бас қосуынан болмай отыр. Яғни әдіскерлер арасында ешқандай тәжірибе алмасу орын алмайды. Мектеп әдіскерлері өз бетінше, тіл әдіскерлері өз бетінше оқытады. Жалпы бүлдіршіндерге, оқушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, мемлекеттік қызметшілерге, қызмет көрсету саласына, шетелдік азаматтарға, ересек адамдарға олардың қазақ тілін білу деңгейіне орай тіл үйретудің белгілі

бір көлемі болуы тиіс. Ол тікелей тіл үйрету әдістемесімен де, жас ерекшелігімен де байланысты. Бүгінгі күнге дейін тіл үйретудің лексикалық және грамматикалық минимумдары анықталмаған, яғни тілді үйретуде жүйе жоқ. Мемлекеттік тілді үйренудің осындай ортақ жүйесі болмауына байланысты кейбір оқулық материалдары мектепте де, ЖОО-да да, мемлекеттік қызметте де қайталанып беріледі. Мысалы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі барлық сатыда қайталанып жүр. Яғни тіл үйрену жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асырылмайды.

Елімізде қазақ тілін үйретудің тілдік минимумдарын дайындау тәжірибесі 2011 жылы Қазтест орталығы лексикалық минимумдар жинағында, 2015 жылы Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Қазақ сөзі» оқу құралдарында, 2016 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде» бар.

Дегенмен бұл тәжірибелер еліміз бойынша тіл үйретудің ортақ жүйесін жасай алмайды. Жалпы алғанда, қазақ тілін үйретудегі тілдік минимумдар жүйелі қолданылмағандықтан елімізде қазақ тілін үйрету қажетті нәтиже бермеуде. Мемлекеттік тілді оқытудың балабақшадан бастап, ересектерге дейінгі аралықтағы сатылы байланысты бірыңғай тұжырымдама, стандарт, типтік бағдарламасы болмағаннан кейін де тілді оқып-үйренуге бөлінетін сағат саны да әртүрлі. Орталықтардың бірінде мемлекеттік тілді меңгеруге 72 сағат бөлінсе, енді бірінде 90 сағат, бірінде тіпті 120 сағатқа дейін созылады. Жалпы тіл үйретуде басшылыққа алатын белгілі бір стандарт болмаған соң, әдістемелік оқу-құралдар да сапалы дайындалмайды. Барлық дерлік үйрету құралдарына ортақ олқылық – олардың коммуникативті күзіреттілікке емес, көбінесе танымдық, мәдени, этнографиялық материалдарға құрылуы.

Мысалы, «Қазақстанның табиғаты», «Елорда», «Театр өнері» т.с.с. тіл үйретуге емес, танымдық функциядағы мәтіндер ұсынылып, соған орай тапсырмалар беріледі. Олар күнделікті сөйлесім лексикасына құрылмағандықтан, тіл үйрену жаттандылыққа айналады. Егер тіл оқыту әдіскерлері мен мектеп әдіскерлері қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тығыз байланыста жұмыс істейтін болса, онда қоғамның мемлекетті тілдің үйрену деңгейін жаттандылыққа емес, қажеттілікке жетелейтін еді.

Сондықтан Тіл оқыту орталықтарының жұмыс тиімділігін Мемлекеттік бағдарлама мазмұнынан бөлек, білім беру мазмұнынан іздеген жөн.

Қорытынды

Еліміздегі тіл саясатын жаңғырту бағытындағы жұмыстар Ата Заң – Конституция, Тілдер туралы заң, Тіл саясатының тұжырымдамасы, тіл саясатын іске асыруға бағытталған бес жылға арналған мемлекеттік бағдарламалар, МБА мен Тіл орталықтарының стратегиялық жоспарларында қазақстандықтардың өз жерінде, сондай-ақ, әлемдік өркениетте бәсекеге қабілетті болуына, осы жолда тілдік бөгеттерді жеңе білуіне жағдай жасауға негізделген.

Магистрлік ғылыми-зерттеу жұмысымызда Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын жаңғыртудың проблемалары мен перспективаларын Тіл оқыту орталықтарының жұмыстарымен байланыстыра қарастырдық. Бұл бағытта негізінен мынадай басты мәселелер қарастырылды: ҚР-дағы тіл саясатының басым бағыттары, қазіргі тілдік ахуал және тіл орталықтарының қазіргі жағдайы және даму барысы, соның ішінде, материалды-техникалық базасы, кадр әлеуеті, білім беру нарығындағы орны, қалыптасуы мен жаңғырту барысындағы жетістіктері мен проблемалары, тіл меңгертуге арналған оқу-әдістемелік құралдардың сапасы, тіл үйретудегі халықаралық тәжірибелер т.б. зерттеуге алынды. Анықтамада қарастырылған осы мәселелер бойынша төмендегідей қорытынды шығарылды:

1. ҚР-дағы, ересек аудиторияға байланысты тіл саясатын жаңғырту дегеніміз – мемлекеттік органдар тарапынан жүзеге асырылатын қоғамдағы тілдік жағдаятты жетілдіруге немесе тұрақтандыруға бағытталған саяси, әлеуметтік және лингвистикалық шаралар жүйесі. Басқаша айтқанда, мемлекеттік қызметшілердің тілді кәсіби саласында қолдануды жаңғырту саясаты – тілдік қолдану деңгейі әр алуан 70 000-дай мемлекеттік қызметшінің тілдік құзыреттілігін бірізді бағдарламалар мен Тұжырымдама арқылы жетілдіруді жүзеге асыру.

2. Жобалық жұмысты орындау барысында МБА, Тіл орталықтарында ересек аудиторияның, соның ішінде, мемлекеттік қызметшілердің тілдік білім алуы зерттелді. Аталған мекемелердің тілді оқыту технологияларының тиімділігін зерделеу барысында SWOT-талдау, сауалнамалар жүргіздік. Анықтау қорытындылары респонденттердің 84%-ының тілді қолдану деңгейінің алуан түрлілігін көрсетті, 16%-ы қазақ тілінде мектеп, ЖОО-ны тәмамдағандықтан, кәсіби салада тілдің жазу, көпшілік алдында сөйлеу түрлерін еркін қолданатындар. Сондай-ақ, респонденттердің 45%-ы мемлекеттік қызметте ісқағаздарын қостілде жүргізілуін қалайтындықтарын білдірді. Зерттеу нәтижесі ересек адамдар қызмет ететін салаларда қазақ тіліне қарағанда орыс тілінің қолданысы басым екендігін көрсетті. Мұндай көрсеткіш мемлекеттік органдардағы тіл саясатын жаңғырту қажеттігін айқындады.

3. ҚР-да қазақ тілін оқыту білім беру мекемелерінде, яғни, бала-бақшадан басталып, ЖОО-ға дейін оқытылады. Ересек адамдардың кәсіби қызметтерінде мемлекеттік тілді қолдану деңгейінің әр алуандығына байланысты тілді оқыту, қажетті деңгейге жеткізу талаптары 2001 жылдан бастап қойыла бастады. Сонымен, қазақ тілін оқыту білім беру мекемелерінде ғана емес МБА, Тіл

оқыту орталықтарында да жүргізілетіні белгілі. МБА-ның оқу үрдісінде қазақ тілінің ресми-іскерлік стилі бойынша жазылым, көпшілік алдында сөз сөйлеуді ересек аудиторияға игертетін «Ресми мәтін және жазылым дағдылары», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу және іскерлік риторика», «Академиялық жазылым», «Ресми-іскерлік қазақ тілі» бағдарламалары (силлабустар) арқылы жүзеге асырылады. ҚР-дағы Тіл орталықтары көбінесе Мемлекеттік бағдарламалардың қажетті бағыттарын жүзеге асыра отырып тіл саясатын орындаумен қатар ересек аудиторияның тілдік құзыреттіліктерін практикалық қазақ тілі сабақтары арқылы игертуді іске асырады. Тіл орталықтары әдістемеден бөлек, мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы негізгі ісшараларды ұйымдастыруда. Бүгінде елімізде тіл оқыту орталықтарының жалпы саны 99. Тіл орталықтары ересек аудиторияны оқытуда Казтест орталығы әзірлеген кешенді оқу-әдістемелік құралдарын қолданады.

Тіл оқыту орталықтарының ағымдағы жағдайы жоба жұмысы барысында толығымен зерттелді, негізгі проблемалар айқындалып, тіл оқыту саясатының тиімділігі анықталып, ұсынымдар әзірленді. Барлық білім жүйесі үшін (орта білім, арнаулы орта, жоғары білім, ересектерге арналған курстар) мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтайтын бірыңғай біліктілік талаптары мен тіл білуді бағалаудың ортақ нормаларын енгізу қажет.

4. Жоба жұмысын зерттеу барысында халықаралық тәжірибе зерделеніп, Тіл орталықтарында мемлекеттік тілді үйретуде қолдануға тиімділері анықталды.

Сонымен, зерттеу жобасы МБА, Тіл орталықтары арқылы ҚР-дағы тіл саясатын жаңғыртудың тиімділігін нақтылап, алдағы уақытта мемлекеттік тілді бірізді, тұжырымдамалы оқыту бойынша ұсынымдар әзірленді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қ.Тоқаевтың 2020 жылы 27 мамырда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы – URL: <https://primeminister.kz/kz/news/memleket-basshysy-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-ushinshi-otyrysyna-katysty-2744352>. Жүгінген күні: 10.03.2021
- 2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>. Жүгінген күні: 10.03.2021
- 3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401>. Жүгінген күні: 22.11.2020
- 4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>. Жүгінген күні: 3.03.2021
- 5 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151> . Жүгінген күні: 17.01.2021
- 6 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы ректорының 2020 жылғы 28 мамырдағы бұйрығымен бекітілген «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасы» // Тұжырымдама. - Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2020 жыл. – 15-19 б.
- 7 Фазылжанова А. Қазақ жазуын жаңғыртудың әлеуметтік тілтанымдық негіздері: тілдік жағдаят және тәуекелдерді басқару // Монография - Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2020. – 128 б.
- 8 Что такое CEFR и для чего оно нужно? // GRADE сайты. – URL: <https://grade.ua/news/chto-takoe-cefr-i-dlya-chego-ono-nuzhno/>. Жүгінген күні: 17.01.2021
- 9 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Көпбаева Ж.С., Мазмбаева Ж.О. «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру

стандарты мен бағдарламасы // Оқулық - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 122 б.

10 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері // Оқулық - Алматы, 2005. – 145 б.

11 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> Жүгінген күні: 17.01.2021

12 Негізгі экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштер // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – URL: <https://stat.gov.kz/> Жүгінген күні: 19.03.2021

13 Жартынова Ж. Андрагогика – ересектерді оқытатын ғылым // Мақала // PED.KZ ұстаздардың әлеуметтік порталы. – URL: <https://ped.kz/>. Жүгінген күні: 17.01.2021

14 Түймебаев Ж.Қ., Қадашева Қ., Асанова У.О. «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің оқу және тіл дамыту // Оқулық - Алматы, 2013. – 60 б.

15 Өмірбаева К.Ө. Қазақ тілін көпдеңгейлік оқыту // Оқулық - Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 120 б.

16 Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері // Автореферат - Алматы, 2010. – 278 б.

17 Тілешов Е.Е. Қазақ тілін үйретудің лексикалық және грамматикалық минимумдары. // Ғылыми-әдістемелік жинақ - Астана, 2017. – 282 б.

18 Төленбергенова Н.Т. Мемлекеттік тілді оқытудағы экстралингвистикалық фактор // Ғылыми-әдістемелік жинақ - Астана, 2017. – 282 б.

19 Күзекова З., Ақбұзауова Б. «Қазақ тілі» // Оқу құралы - Астана: 2018. — 121 бет

20 Төленбергенова Н.Т. «Іскерлік қазақ тілі» // Оқу құралы - Астана Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, 2009. – 115 бет

21 Айтмұхаметова Қ.Ө. «Сөз мәдениеті және іскерлік риторика» // Оқу құралы - Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2015. – 186 б.

22 Тұрлыбекова Ж.А. Нұрмаханова Ж.Б. «Суретті қазақ тілі» // Оқу құралы - Алматы: 2012. – 192 б

23 «Soyle.kz» – қазақ тілін онлайн оқытуға арналған курс // оқу порталы – URL: <https://www.soyle.kz/> . Жүгінген күні: 23.03.2021

24 «Tilqural» қазақ тілін оқыту порталы // оқыту порталы – URL: <https://tilqural.kz/> Жүгінген күні: 23.03.2021

25 ҚР-дағы тіл саясаты бойынша жүргізілген сауалнама // Сауалнама сайты – URL: <https://my.survio.com/X4U3S7V4R6R7A3I1Q2L4> Логин:mailto:nelamanoff@gmail.com,пароль:Google335911!. Жүгінген уақыты: 17.01.2021

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын жаңғыртудың проблемалары мен перспективалары» магистерлік жобасы аясында алынатын «Сөз сізде» сауалнамасы сұрақтарына жауап берулеріңізді сұраймын.

Сауалнама жауаптары жалпыланған түрде пайдаланылады, құпиялылығына кепілдік беріледі.

1. Жасыңыз/Возраст:

- А) 18 жасқа толмаған/ младше 18
- Б) 18-25
- В) 25-40
- Г) 40-60

2. Қызмет орныңыз. Лауазымыңыз?/ Место работы, должность?

3. Қазақстан азаматы ретінде қазақ тілін білу міндетім деп ойлайсыз ба?/Считаете ли вы своим долгом знать казахский язык как гражданин Казахстана?

- А) Әрине/ Конечно
- Б) Қазақ тілінде сөйлегім келеді, бірақ қиын/ Хочу говорить по-казахский, но сложно
- В) Міндетті емеспін/ Не обязана

4. Қазақ тілінде сөйлеуіңізге не кедергі?/ Что вам мешает говорить на казахском языке?

- А) Қазақша сөйлеуге қысыламын/ Из-за акцента стесняюсь говорить на казахском
- Б) Қазақ тілін түсінемін, бірақ сөйлеу қиын/ Хорошо понимаю казахский, но говорить сложно
- В) Орысша сөйлеген ыңғайлы/ говорить на русском комфортнее
- Г) Басқа жауап/ Другой ответ

5. Іс қағаздарының қосымша орыс тілінде жүргізілгені дұрыс па?/ Правильно ли вести документацию дополнительно на русском языке?

- А) Әрине солай дұрыс/ Конечно так правильно
- Б) Жоқ, тек қазақ тілінде болған жөн/ Нет, только на казахском
- В) Екі тілде болған ыңғайлы/ Удобно на двух языках

6. Сіз жұмыс орныңызда қай тілді көбірек қолданасыз?/ Какой язык вы используете больше на работе?
- А) Қазақ тілі/ Казахский язык
 - Б) Орыс тілі/ Русский язык
 - В) Аралас/ Смешанный
7. Сіз қазақша сөйлеген кісімен қазақша байланыс құра аласыз ба?/ Можете ли Вы поддержать беседу на казахском?
- А) Ия, тырысамын/ Да, стараюсь
 - Б) Жоқ, орысша жауап беремін/ Нет, отвечаю на русском
 - В) Қазақша білмеймін/ Не знаю казахского
8. Қалалық жерде орыс тілінің қолданылу себебі неде деп ойлайсыз?/ Почему русский язык широко употребляется в городских местностях?
- А) Орысша сөйлегенді ыңғайлы санайтындықтан/ Комфортно говорить на русском
 - Б) Қазақ тілі де кең қолданыста/ Казахский язык также широко используется
 - В) Қазақ тілі міндеттелмейтіндіктен/Казахский не обязателен
 - Г) Өз жауабым/ Другой ответ
9. Әлеуметтік желі, іздеу операторларында (инстаграм, фейсбук, googl.kz және т.б) қай тілде мәліметті оқыған (іздеу, жариялау) ыңғайлы? Себебі?/ На каком языке Вам удобно читать (искать, опубликовать) информацию в социальных сетях и поисковиках)?
- А) Қазақша, себебі қазақша түсінемін/ На казахском, так как лучше понимаю информацию
 - Б) Орысша, себебі орысша жақсы түсінемін/ На русском, так как на русском лучше понимаю информацию
 - В) Қазақша материал табу қиын/ Трудно найти материал на казахском
 - Г) Өз жауабым/ Другой ответ
- 10.Сізге біреу қазақ тілін тегін үйретемін десе, жақсы деңгейге жеткенше үйренер ме едіңіз? / В случае если Вам предложат бесплатный курс казахского языка, вы бы изучили его до достижения хорошего уровня?
- А) Әрине, егер ондай мүмкіндік болса/ Конечно, если бы была такая возможность
 - Б) Жоқ, үйрене алмаймын/ Нет, не могу
 - В) Уақытым жоқ/ Времени нет

- Г) Қажет емес/ Не нуждаюсь (Не надо)
- Д) Ойланамын/ Подумаю

11. Қазақстанда қазақ тілін оқыту методикасы жайлы ойыңыз?/ Ваше мнение о методике преподавания казахского языка в Казахстане?

- А) Тиімді/ Эффективная
- Б) Тиімсіз/ Не эффективная
- В) Әлі дамытуды қажет етеді/ Нуждается в развитии
- Г) Тым қарапайым/ Слишком простая
- Д) Жақсы дамып келеді/ Хорошо развивается
- Е) Өз жауабым/ Другой ответ

Аналитикалық жазбахат

*Жоба авторы: Мадан Г. Ж.
Ғылыми жетекші: Төленбергенова Н.Т.*

Жоба идеясы	Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын жаңғыртудың проблемалары мен перспективалары
Күрделі жағдай (кейс)	Жергілікті тілдерді дамыту басқармаларына қарасты тілдерді оқыту орталықтарында: -Оқыту жүйесінде бірізділіктің жоқтығы; -Оқытушылардың кадрлық әлеуеті; -Барлық оқыту орталықтарына тән жүйелі оқу бағдарламаларының жоқтығы; -Тіл оқыту орталықтарындағы оқыту әдістемесінің, оқу техникалық базасы деңгейінің әртүрлілігі
Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері	Тіл оқыту орталықтары: -«Қазтест» жүйесінің оқу-әдістемелік кешені (А1, А2, В1, В2 және С1 деңгейлерінің «Қазақ тілі» оқулықтары; Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы, «Тіл-құрал»; Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы); -Тіл саясатын комитетінің тапсырысы бойынша әзірленген «Soyle.kz», «Tilqural», «Termincom.kz» және т.б порталдарды қолданады; -«Үздік оқытушы» конкурсы жеңімпаздарын алғыс хаттар мен сыйақы үлестіру арқылы марапаттау; -Жергілікті бюджетке сәйкес оқу техникалық базасын қалыптастырады.
Берілген шешудің жолы мәселені ұсынылатын	1. Тіл оқыту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру үшін оларды білім беру мекемелерінің құрамына өткізу; 2. Барлық тіл оқыту орталықтары қолданатын (ONLINEMEКTEP тәжірибесі бойынша) бір интернет платформада икемді мобильді-әдістемелік қосымшалар әзірлеу
Күтілетін нәтиже	1. Орталық оқытушыларын қызметін уақытша емес, тұрақтандыруға алып келеді. жас мамандардың да орталықтарда жұмыс істеуге деген қызығушылықтары да артады. 2. Орталықтардың материалдық-техникалық базасының жетілдірілуіне қол жеткізіледі. 3. Қазақстан бойынша тіл оқыту орталықтарының бірізді, үйлесімді жұмыс атқаруы қамтамасыз етіледі. 4. Оқыту тиімділігінің артуына әкеледі. 5. Орталық жұмысын насихаттау жеңілдейтін болады.
Әдебиеттер	1 Қ.Тоқаевтың 2020 жылы 27 мамырда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы – URL: https://primeminister.kz/kz/news/memleket-basshysy-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-ushinshi-otyrysyna-katysty-2744352 . Жүгінген күні: 10.03.2021 2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

	<p>министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669. Жүгінген күні: 10.03.2021</p> <p>3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401. Жүгінген күні: 22.11.2020</p> <p>4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045. Жүгінген күні: 3.03.2021</p> <p>5 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_. Жүгінген күні: 17.01.2021</p> <p>6 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы ректорының 2020 жылғы 28 мамырдағы бұйрығымен бекітілген «ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқытудың тұжырымдамасы» // Тұжырымдама. - Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2020 жыл. – 15-19 б.</p> <p>7 Фазылжанова А. Қазақ жазуын жаңғыртудың әлеуметтік тілтанымдық негіздері: тілдік жағдаят және тәуекелдерді басқару // Монография - Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2020. – 128 б.</p> <p>8 Что такое CEFR и для чего оно нужно? // GRADE сайты. – URL: https://grade.ua/news/chto-takoe-cefr-i-dlya-chego-ono-nuzhno/. Жүгінген күні: 17.01.2021</p> <p>9 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Көпбаева Ж.С., Мазмбаева Ж.О. «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы // Оқулық - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 122 б.</p> <p>10 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері // Оқулық -</p>
--	--

Алматы, 2005. – 145 б.

11 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы // Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ Жүгінген күні: 17.01.2021

12 Негізгі экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштер // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – URL: <https://stat.gov.kz/> Жүгінген күні: 19.03.2021

13 Жартынова Ж. Андрагогика – ересектерді оқытатын ғылым // Мақала // PED.KZ ұстаздардың әлеуметтік порталы. – URL: <https://ped.kz/>. Жүгінген күні: 17.01.2021

14 Түймебаев Ж.Қ., Қадашева Қ., Асанова У.О. «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің оқу және тіл дамыту // Оқулық - Алматы, 2013. – 60 б.

15 Өмірбаева К.Ө. Қазақ тілін көпдеңгейлік оқыту // Оқулық - Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 120 б.

16 Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері // Автореферат - Алматы, 2010. – 278 б.

17 Тілешов Е.Е. Қазақ тілін үйретудің лексикалық және грамматикалық минимумдары. // Ғылыми-әдістемелік жинақ - Астана, 2017. – 282 б.

18 Төленбергенова Н.Т. Мемлекеттік тілді оқытудағы экстралингвистикалық фактор // Ғылыми-әдістемелік жинақ - Астана, 2017. – 282 б.

19 Күзекова З., Ақбұзауова Б. «Қазақ тілі» // Оқу құралы - Астана: 2018. — 121 бет

20 Төленбергенова Н.Т. «Іскерлік қазақ тілі» // Оқу құралы - Астана Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, 2009. – 115 бет

21 Айтмұхаметова Қ.Ө. «Сөз мәдениеті және іскерлік риторика» // Оқу құралы - Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2015. – 186 б.

22 Тұрлыбекова Ж.А. Нұрмаханова Ж.Б. «Суретті казак тілі» // Оқу құралы - Алматы: 2012. – 192 б

23 «Soyle.kz» – қазақ тілін онлайн оқытуға арналған курс // оқу порталы – URL: <https://www.soyle.kz/> . Жүгінген күні: 23.03.2021

24 «Tilqural» қазақ тілін оқыту порталы // оқыту порталы – URL: <https://tilqural.kz/> Жүгінген күні: 23.03.2021

25 ҚР-дағы тіл саясаты бойынша жүргізілген сауалнама // Сауалнама сайты – URL: <https://my.survio.com/X4U3S7V4R6R7A3I1Q2L4> Логин:mailto:nelamanoff@gmail.com,пароль:Google335911!. Жүгінген уақыты: 17.01.2021

